Диқан қауымын алаңдатқан қымбатшылық

3 - бет ҚОҒАМ

Теңге құнсыздануының бағаға әсері

6 - бет ҚАРЖЫ

LeroyMerlin – Қазақстан нарығында

8 - бет МӘДЕНИЕТ

TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//9 ТАМЫЗ 2018 ЖЫЛ

АГРОСЕКТОР

Сапалы дамуға бағдар

Премьер-министрдің орынбасары – ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеевтің Түркістан облысына жұмыс сапары барысында өңірде Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасының және инвестициялық жобалардың іске асырылу барысын талқылауға арналған семинар-кеңес өтті.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы Елбасы жолдауларында жүктелген стратегиялық міндеттерді, соның ішінде АӨК-тегі еңбек өнімділігін және өңделген ауылшаруашылық өнімдерінің экспортын кем дегенде 2,5 есеге ұлғайту міндетін іске асыруға бағытталған. Оңтүстік өңірдің жаңа орталығы Түркістанда өткен жиында Ө.Шөкеев аграрлық саланы жедел дамытудың, отандық өнімнің әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттігін арттырудың маңыздылығын айрықша атап өтті.

Вице-премьер Түркістан облысы үшін суармалы егістіктер мәселесінің өзекті екендігіне, сондықтан өңірде пайдаланылмай жатқан алқаптарды тездетіп айналымға қосу қажеттігіне тоқталды. АӨК бағдарламасы өз деңгейінде орындалуы үшін әкімдіктер әрбір аудандағы қолданылмай жатқан егістік жерлерді игеріп, суармалы жерлердің көлемін арттыру, қарқынды бау шаруашылығын дамыту және салаға инвестиция тартуды басты назарға алуы тиіс. Бүгінгі таңда өңір бойынша барлығы 35 898 гектар жаңа суармалы жерді пайдалануға енгізу жоспарлануда.

Аграрлық салаға елеулі серпін берудің тағы бір жолы – зәкірлік кооперация негізінде етті және сүтті мал шаруашылығын дамыту. Бұл ретте өңірлік салалық бағдарламалар шеңберінде облыста он жыл ішінде бордақылау алаңдарының айналасынан жалпы сүтті ірі қара мал басы 150 мыңнан асатын 3000 отбасылық ферма құру көзделіп отыр. Қой санын 300 мың басқа дейін ұлғайтумен қатар, өңірде тұқымды жақсартуға мән берілуі керек. Сондай-ақ мал шаруашылығын жүргізуге арналып, игерусіз жатқан 2 млн гектар жайылымды фермерлік шаруашылықтарға кредит берудің қолжетімділігін ескерумен, отбасылық фермалар желісін құру есебінен айналымға енгізу қажет.

Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі А.Евниев агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы ұсынатын мүмкіндіктер жөнінде айтып берді. Жаңа бағдарлама мәні – жер мен қаржыландыруды кажет ететін фермерлерге баса көңіл бөлінеді. Мал шаруашылығымен – жылқы және қой өсірумен айналысатын 80 мыңнан астам отбасылық фермаларды құру, жайылым алаңдарын 58 млн гектардан 100 млн гектарға дейін, ал ірі қара мал санын 15 млн, қой санын 30 млн басқа дейін жеткізу көзделген. Фермер өз кезегінде аграрлық несие корпорациясы арқылы қаржылай қолдау қорымен 15 жылға 4 процентпен қаражат ала алады.

Кеңесте сондай-ақ облыста жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар таныстырылды. Солардың бірі – «Нұрым» серіктестігі экспортқа бағдарланған 10 мың басқа арналған бордақылау алаңын құрған. Серіктестік басшысы Сырым Ертаев кәсіпорын жыл басынан бері 1300 тонна сиыр етін Өзбекстанға экспорттағанын айтты.

Сапар барысында Ө.Шөкеев қалада салынып жатқан түйе және бие сүтін өңдейтін «Golden Camel» ЖШС зауытына барды. Зауыт тәулігіне 100 тонна түйе сүтін өңдеуге қуатты және ағымдағы жылғы қазан айында пайдалануға беріледі. Шетелдік инвестициялар есебінен іске асырылған жобаның өнімі түгелдей экспортқа бағытталады. Бұдан бөлек, ауылшаруашылық техникасын құрастыратын зауыт – «Kaz Kioti» серіктестігінің ағымдағы қызметі таныстырылды. 2015 жылы кореялық компанияның жеке инвестициялары есебінен құрылған кәсіпорын қазірде жыл сайын 150 бірлік DAEDONG маркалы трактор шығарады.

Пікір алмасу және өңірдің тауар өндірушілерінің маңызды мәселелерін талқылау форматында жалғасын тапқан жиында Ө.Шөкеев АӨК-ті дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын түсіндіру жөніндегі мұндай семинар-кеңестер елдің барлық өңірлерінде өткізілетінін жеткізді.

Бет қатталып жатқанда

▶ **Елбасының үшінші** әлеуметтік бастамасы бойынша жоғары оқу орындарына техникалық мамандарды көбірек даярлау мақсатында қосымша 20 мың грант бөлінді. Гранттар жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысы жуырда ғана аяқталды, 68 мың адам грантқа ие болды.

▶ **Президенттің Бес** әлеуметтік бастамасының бірінші бағыты – «7-20-25» бағдарламасы бойынша 7 банкпен келісім жасалып, сомасы 2,2 млрд теңге болатын ипотека заемдары берілді.

▶ **«Нұр Отан» партиясы** Павлодар облыстық активінің отырысында сенатор Бақытжан Жұмағұлов төртінші бастама бойынша шағын несие көлемін арттыру үшін қосымша 20 млрд теңге қаражат бөлініп, жалпы сомасы 62 млрд теңгеге жеткенін атап өтті. Қазірге дейін 3,7 мың азаматқа жалпы сомасы 21,3 млрд теңге мөлшерінде несие берілді.

▶ **Тұрғын үй құрылыс** жинақ банкінің басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова мен Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл келісімге сәйкес, Шымкент қаласында 2 500 пәтерден тұратын 40 үй салынады.

▶ **Қостанай облысының** диқандары күзгі жиынтерім жұмыстарына әзір. Облыс әкімдігінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен өткен жиында айтылғандай, қостанайлықтар биыл 5 млн тонна астық жинамақ.

▶ **Түркістан облысында** биыл жыл соңына дейін «Түркістан – Бадам» және «Түркістан – Сарыағаш» жаңа теміржол бағыттары іске қосылады.

Индекстері

KASE	2254.3	-0.29% ↓
FTSE 100	7718.5	0.71% ↑
MSCI World	2166.9	0.44% ↑
S&P 500	2858.5	0.28% ↑
Dow Jones	25628.9	0.50% ↑
Russel 2000	1688	0.24% ↑
Russel 3000	1697	0.29% ↑

7 Тамыз 2018

Тауарлар

Мұнай	74.7	1.22% ↑
Мыс	6149.3	0.64% ↑
Қорғасын	2139.8	1.55% ↑
Мырыш	2613	1.19% ↑
Никель	13772	1.23% ↑
Алюминий	2017.3	- 0.16% ↓
Уран	26.05	0.19% ↑

7 Тамыз 2018

Валюта нарықтары

USDKZT	348.46	- 0.07% ↓
EURKZT	404.16	0.28% ↑
USDRUB	63.494	- 0.40% ↓
USDUAH	26.99	- 0.34% ↓
USDBYR	20110	- 0.22% ↓
EURUSD	1.1599	0.39% ↑
GBPUSD	1.2939	-0.04% ↓

7 Тамыз 2018

РЕЙТИНГТІК ШОЛУ

Халық банктің болжамы жақсарды

Fitch Ratings халықаралық агенттігі Халық банктің рейтингі бойынша болжамды «тиімді» деңгейіне өзгертті, деп хабарлайды https://lsm.kz сайтынан. Бұрын бұл қаржылық жүйенің болжамы «тұрақты» деңгейінде болып келген еді.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Мұнан басқа Fitch Қазкоммерцбанктің (ҚКБ) ұзақ мерзімді ЭДР (эмитент дефолтының рейтингі – ред.) көрсеткішін «BB-» деңгейінен «BB» деңгейіне өсірді, оны Rating Watch «тиімді» тізімінен алып тастап, Қазкомның рейтингін қайтарып алды.

Қазкомның қазіргі күйі

Рейтингтік іс-қимыл Қазкоммерцбанкті Халық банкпен іс жүзіндегі біріктірілуі аяқталысымен біріншісіне екінші банктің барлық мүлкін, құқықтары мен міндеттерін өткізіп беру жолымен жүзеге асты. Рейтингті көтеру олардың Халық банк рейтингімен бір деңгейде болуы үшін жасалды, өйткені міндеттерді өткізіп беру кезеңінде кредиторлар солары үшін тәуекелге барады. Көрсеткіштер қайтып алынды, себебі банк таратылатын болды, сөйтіп, тиісінше, Fitch енді Қазкоммерцбанктің рейтингін сараламайды және ол бойынша талдау жүргізбейді.

Сонымен қатар банктің рейтингін қайтарып алғанға дейін Қазкомның орнықтылығы көрсеткіштерін көтеру агенттіктің осы банк бағдарының біріккенге дейінгі өз алдына нық болғанын айғақтайды. Көрсеткіштердің жақсаруына құнсызданған кредиттер бойынша тереңірек сақтық қорда сақтаудың нәтижесінде түсімділіктің жақсаруы және активтердің сапасы тұрақтануының арқасында капиталға қысым мейлінше біркалыпты жүзеге асты. ҚКБ тұрақтылық рейтингі банктың күшті өтімділігінде және капиталының жеткіліктілігін де айғақтап отыр.

> [4]

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ИГЕРУ

Ақтоғай өсім қозғалтқышына айналды

KAZ Minerals өндірістік іс-қызметінің нәтижелерін жариялады

Жаңа заман инфрақұрылымында жылу мен электр қуатын үздік өткізуші – мысқа деген қажеттілік арта түседі. Күнделікті тұрмысымызбен тығыз байланысты қызыл металл қолданысы өнеркәсіптік жабдықтар өндірісінде, көлік пен коммуникацияда да кең тараған. Осындай жалғаспалы сұранысты өтеу үшін нарықта әлемдік деңгейдегі ұзақмерзімді жобалармен тұрақтаған ірі мыс өндіруші компаниялардың бірі – KAZ Minerals.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Қазіргі кезде бүкіл әлемдегі кеніштерде мыс үлесінің азаюы байқалуда. Сарапшылардың пайымдауынша, 2025 жылға қарай мыс нарығындағы жетіспеушілік 1,5 миллион тоннаны құрап, бұл цифр әрі қарай ұлғая бермек.

> [5]

БЖЗҚ: АКТИВТЕР ТАБЫСТЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ 4

A fascinating paradox in the Kazakhstani leader's biography 7

№32 (570)

ISSN 1999-5830

АПТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2017 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДА №16796-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Саммит

Конвенцияға қол қойылады

12 тамызда Ақтауда өтетін Каспий маңы мемлекеттері басшыларының саммитінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылатын болады.

– Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне қатысты келіссөздер 20 жылдан астам уақыт бойы жүргізілгені белгілі. Негізгі құжатқа қол қою – сол келіссөздердің қорытындысы болып табылады. Құжат теңіз акваториясын, Каспий теңізі түбін бөлуге, биоресурстарды қорғауға, балық аулауға, сонымен қатар Каспий түбімен құбыр тартуға қатысты ережелерді қамтиды, – деді Сыртқы істер министрлігі халықаралық құқық департаментінің директоры Арман Исетов БАҚ өкілдеріне.

Кездесуге барлық Каспий маңы елдерінің басшылары келеді деп күтілуде. Саммит аясында бірқатар үкіметаралық келісімге қол қою да жоспарланған. Құжаттар көлік, сауда-экономикалық ынтымақтастық, Каспийдің қауіпсіздігі, оның ішінде терроризммен, қылмыспен күрес, Каспий маңы мемлекеттері шекаралық ведомстволарының өзара іс-қимылы салаларындағы қарым-қатынастарды қамтиды.

Ынтымақтастық

Жобалар жайы пысықталды

Үкімет үйінде Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысын өткізді.

Отырыс барысында 2019-2020 жылдарға арналған жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективалары, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимылдың Ыстамбұл жоспары аясында ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қою мәселелері талқыланды. Сондай-ақ биыл қараша айында Парижде өтетін Еуразия апталығы – 2018 шарасына Қазақстанның қатысу мәселесі қаралды.

Бүгінде ЭЫДҰ-мен ынтымақтастық бойынша 8 пысықталған жоба бар және 2 жоба дайындалу сатысында тұр. Олардың арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру және жер қойнауын пайдалану, цифрландыру, туризм және т.б. салаларға тікелей шетелдік инвестицияларды тартуға бағытталған жобалар бар.

Елге сапар

Сенаторлар шалғай аудандарды аралады

Депутаттар ауыл шаруашылығын, кәсіпкерлікті дамыту, шағын несиелеу, тұрғын үймен, ауыз сумен, газбен қамтамасыз ету, автожолдарды жөндеу, халықты жұмыспен қамту мәселелері жайын талқылады.

Парламент Сенатының депутаттары Марат Тағымов пен Мұхтар Жұмағазиев Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыз және Әйтеке би аудандарында болып, агроөнеркәсіп секторында тікелей жұмыс жасап жүрген шаруа қожалықтарының төрағаларымен, жергілікті жердегі мекеме, кәсіпорын басшыларымен, құқық қорғау органдарының өкілдерімен, облыстық және аудандық мәслихаттар депутаттарымен кездесті.

Кездесуге қатысқан шалқарлықтар ауыл шаруашылығы саласынан зейнет демалысына шыққан ардагерлердің төмен зейнетақысы, ауыл шаруашылығында еңбек ететін кадрлардың тапшылығы, және басқа да өзекті мәселелерді көтерді.

Депутаттар жер қатынастарын реттеу, агроөнеркәсіп кешенін дамыту бойынша заңнамаларға кең көлемде тоқталып өтті. Ауыл шаруашылығы саласының мамандары мен шаруашылық құрылымдарының өкілдерін нақты жұмыс барысында кездесетін мәселелер бойынша ұсыныстар беруге шақырып, олардың заң қабылдау барысында ескерілетінін атап өтті.

Сенаторлар сапар барысында Ырғыз ауданында, Әйтеке би ауданының Қарабұтақ, Қызылжұлдыз ауылдық округтерінде болып, әлеуметтік ғимараттарды аралады. Батыс Еуропа – Батыс Қытай тас жолының бойында орналасқан «Маяк» кемпингіне барды. Сондай-ақ Карабұтақтағы «Жастық» стадионы мен кәсіпкер Қ.Қойлыбаевтың демеушілігімен «Туған жерге тағзым» акциясы бойынша салынып жатқан «Әкелер» саябағын аралап, жаңа құрылыстарға оң бағаларын берді. Ал Қызылжұлдыз ауылдық округінде газ құбырларының тартылу жұмыстарымен танысты. Бұдан кейін халық қалаулылары «Комсомол» серіктестігінің егіс алқабында болып, егін ору науқанына жұмылған шаруа қожалықтарында дикандармен әңгімеледі.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

+ НҰРЛАН ЕРМЕКБАЕВ

ҚР Қорғаныс министрі болып тағайындалды

+ СӘКЕН ЖАСҰЗАҚОВ

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің бастығы қызметіне тағайындалды

+ СЕРҒАЗЫ ОМАШ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалды

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Нақты қажеттіліктер ескерілуі тиіс

Премьер-министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы, Ұлттық бірыңғай тестілеудің және оқуға түсу емтихандарының қорытындылары талқыланды. Жиында сондай-ақ «Экспо-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің жобаларын енгізу мен пайдалану жайы қаралды.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Биыл 8 индикатор, 52 көрсеткіш, 148 іс-шараны орындау көзделген. Білім беру ведомствосының басшысы Е.Сағадиев олардың ойдағыдай атқарылып жатқандығын айтып өтті. Соның ішінде 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту 93%-ті құрайды. Ағымдағы жылдан бастап 25 қала мен 6 ауданда балабақшаларға электронды түрде жолдама беру іске қосылған. Жыл соңына дейін аталған жүйеге барлық облыстар көшіріледі. Орта білім беруде жаңартылған мазмұнға көшу жалғасуда. Екі жылда шамамен 150 мың мұғалім жаңартылған бағдарламалар бойынша курстардан өтті. Жаңартылған мазмұн бойынша сабақ беретін 205 мың мұғалімнің жалақысы 30%-ке көбейді. Педагогтарды аттестаттаудың жаңа жүйесі енгізілді.

Елбасының тапсырмаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік білім беру стандарттары толығымен жаңартылып, барлық мамандықтар бойынша 245 модульдік бағдарламалар әзірленді. Сөйтіп, колледждерге бағдарлама мазмұнын жұмыс берушінің талабы бойынша 50%-ке дейін және қосарлы білім беру кезінде 80%-ке дейін өзгертуге мүмкіндік берілді. Ерекше білім беруді қажет ететін жандар үшін техникалық және кәсіптік білімге еркін қол жеткізу бойынша жол картасының жобасы әзірленді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде жұмыс бәсекеге қабілетті кадрларды дайындауға, білім, ғылым және инновацияны интеграциялауға бағытталған. Бұл ретте мемлекеттік жоғары оқу орындарының ректорларын тағайындау кезінде ашықтық пен басты талаптар сақталуда. Ағымдағы жылы 10 қазақстандық ЖОО әлемнің үздік университеттерінің QS WUR рейтингіне енді.

Президенттің Бес әлеуметтік бастамасын іске асыру аясында биыл мемлекеттік тапсырыс көлемі 20 мың орынға артты. 2022 жылға дейін студенттер жатақханаларында 75 мың орын әзірлеу жоспарланған. Қазіргі күні әкімдіктер 140 жер телімінің бар екенін растады.

Биыл талапкерлер үшін тестілеуден өту рәсімдерін жетілдіру мақсатында өзгерістер енгізілді. Мәселен, оған әр бітірушіге ҰБТ сертификатымен бірге ақпараттық парақ беру кіреді. Онда сол баланың таңдаған профиліне сәйкес бара алатын мамандықтар тізімі, әр мамандыққа бөлінген грант саны, сондай-ақ өткен жылғы грант конкурсының өту балы көрсетілген. Сонымен қатар ҰБТ-ға белгілі жағдайға байланысты қатыса алмаған бітірушілерге келесі лекте немесе кешенді тестілеу аясында тест тапсыру мүмкіндігі берілді. Қабылдау кезінде бірыңғай колл-орталық іске қосылды. ҰБТ-ға 98 мыңнан астам адам қатысты.

Мәселені қарау қорытындысын шығара отырып, Үкімет басшысы кәсіби бағдарлау және тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігі жастардың жұмыссыз жүруіне, олардың әлеуметтік оқшауланудың өсуіне әкелетінін айтып, осыған байланысты Білім және ғылым министрлігіне әкімдермен, «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, жұмыссыз жүрген жастарды кәсіптік білім берумен, қысқа мерзімді оқытумен, бейресми және қосымша білім берумен қамту бойынша жүйелі шараларды қабылдауды тапсырды.

Сонымен қатар жоғары оқу орындарында және колледждерде алатын мамандықтар экономика салаларының, әсіресе цифрлық саланың қажеттіліктеріне үнемі сәйкес келе бермейді. Сондықтан Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері әкімдермен бірлесіп экономиканың қадрларға деген нақты қажеттіліктерін ескерумен білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруы тиіс. Б.Сағынтаев халықпен байланысты реттеуді, оқушылардың көпшілігінің, мұғалімдердің және ата-аналардың мүдделерін қозғайтын жаңалықтар бойынша түсіндіру жұмыстарын уақытылы жүргізуді тапсырды.

«Экспо-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінде көрсетілген жобаларды енгізу және пайдалану туралы баяндаған энергетика министрі Қ. Бозымбаевтың айтуынша, қазіргі таңда енгізу үшін 115 технология іріктелді. Әкімдіктер мен компаниялар осы технологияларды бекітілген жол карталарына сәйкес енгізу бойынша белсенді жұмыстар жүргізіп жатыр. Олар дәстүрлі отынды пайдалануды азайтуға, қалалық ортаны жақсартуға және атмосфераға зиянды шығарындыларды азайту арқылы қоршаған ортаны жақсартуға мүмкіндік беретін 16 технологияны енгізді.

Отандық технологиялардың қатарында ғалым А.Әлімғазиннің «SN-62 маркалы жылу сорғысы» жобасы Қостанай облысының әкімдігімен Әулиекөл ауданында күн энергиясы есебінен суды тікелей жылыту үшін енгізілді. Ғалым А.Болотовтың «Болотовтың жел роторлы турбинасы» жобасы Қостанай облысының әкімдігімен енгізілді. Ғалым А.Жылқашинованың Экспо көрмесінде көрсетілген «Қуаты 500 кВт бөгетсіз тиімді шағын-СЭС» жобасы Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласындағы Кедровка өзенінде іске асырылатын жобалардың тізіміне енгізілді. Ал ғалым Д.Байсейітовтің «Гелиоколлекторлар пайдаланылатын гелиоқазандықтар» жобасын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ биыл енгізуді жоспарлап отыр.

Премьер-министр бұл бағытта барлық облыстарда жұмыс бірдей деңгейде жүргізілуі тиістігін айтты. Осы ретте өңірлер мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктеріне, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтер мен компанияларға озық технологияларды енгізу жұмыстарын барынша жандандыру тапсырылды.

УАҚЫТ АҒЫМЫНДАҒЫ БІР СӘТ: БАС ҚАЛАНЫҢ КЕШЕГІСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІСІ

Жоғарғы суретте:
Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Төменгі суретте:
Целиноград ауыл шаруашылығы институты (қазіргі Астана қаласы)

АӨК: ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Диқан қауымын алаңдатқан қымбатшылық

Ауыл шаруашылығындағы маңызды кезең – жер бантап, егін салатын көктемгі дала жұмыстары мен мәндай термен өсірілген астықты жинап алар күзгі орақ науқаны қарсаңында жанар-жағармайдың қымбаттап кететіні диқан қауымының санасын саңға бөліп, жыл сайын қайталанатын туйтілді мәселе болып тұр. Биыл да бұл жәйт қалпынан айныған жоқ. Осыған орай сейсенбі күні Орталық коммуникациялар қызметінде баспасөз конференциясы өтті.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

Баспасөз мәслихатында KAZENERGY қауымдастығының мұнай-газ және энергетикалық даму жөніндегі атқарушы директоры Рүстем Қабжанов, «ҚазМұнайГазӨнімдері» ЖШС бас директоры Қуандық Құлмұрзин, «PetroleumOperating» ЖШС бас директорының орынбасары Асхат Қалиақпаров және «Petrosun» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Нұржан Сәтбаевтар жағармай бағасының ағымдағы жағдайы туралы баяндап берді. Журналистердің сұрақтарына орай бүгінгі күні жанармай құю станцияларында дизель отыны бағасы өсуінің бірнеше факторларға байланысты болып отырғанын атап өтті.

Сонымен, басты себеп – дизель отынын тұтыну көлемінің артуы. Бұл өндірілген отынның басым бөлігінің ауыл шаруашылығы және темір жол салаларын қамтамасыз етуге жұмсалып отырғанына байланысты.

Сұраныстың артуының енді бір себебі Қазақстан арқылы өтетін транзиттік жүк тасымалының маусымдық өсуімен және осы ретте ішкі нарық пен көрші елдердің шекаралас аймақтарындағы бағаның айырмашылығына байланысты отынның шекара асып кетуі болып отыр.

Сонымен қатар, «Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынына арналған акциздер мөлшерлемелерін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің биылғы 6 сәуірдегі №173 қаулысына сәйкес дизель отынына арналған акциз мөлшерлемесі ағымдағы жылғы 1 маусымнан бастап 1 жүз үшін 7,7 теңгеге көтерілген.

Биылғы жылдың көктемгі егіс жұмыстарын тұрақты жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін дизель отынымен қамтамасыз ету мақсатында Энергетика министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, «Көктемгі егіс жұмыстарына дизельдік отынды жеткізу бойынша мұнай өңдеу зауыттарына облыстарды бекітіп беру кестесін» жасап, бекітті.

Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын облыс әкімдіктерімен бірлесіп, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне (АШТӨ) қажетті мұнай өнімдерінің көлемін анықтап, Энергетика министрлігіне көктемгі егін салу және күзгі астық жинау жұмыстарын жүргізу үшін диқан қауымына қажетті дизельдік отын көлемін жеткізу туралы ұсыныстар енгізеді.

Биылғы жылдың шілде айындағы жеткізу жоспары 112,2 мың тонна болса, оның бүгінге дейін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 90,2 мың тоннасы жеткізілген. Бұл – жоспарды көлемнің 80,4 пайызы. Отын жөнелту ақы төленуіне байланысты тұрақты түрде жүзеге асырылады.

Мұнай өнімдерінің қоры қаншалық дегенге келсек, 6 тамыздағы жағдайға сәйкес дизель отынының жиынтық қоры 255,8 мың тоннаны құрайды. Оның ішінде республиканың мұнай қоймаларындағы көлемі – 193,1 мың тонна. Сонымен қатар, АИ-92 бензинінің қоры 347,9 мың тонна, оның ішінде еліміздің мұнай қоймаларындағы қор 299,7 мың тоннаны құрайды.

Қазақстан мен Ресей шекарасында импортталған дизель отыны бағасы 238 461 теңгені (жеткізу және сақтауды қоспағанда) құрайды. Бұл ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне босатылатын баға деңгейінен 58 461 теңгеге және ішкі нарықтағы бағадан 28 364 теңгеге қымбат (Аргус, Каспий нарығы көрсеткіші).

Баспасөз мәслихатына қатысушы салалық мекемелер өкілдері келтірген осынау мәліметтерді негізге алар болсақ, мұнай өнімдері қорын ұсынушылардың тарапынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне айтарлықтай жеңілдік жасалып отырғанын байқауға болады.

Осы орайда Энергетика министрлігінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін дизель отынына арзандатылған бағаларды заңды түрде бекітетін құзыреттілік жоқ екенін атап өткен жөн. Ауыл шаруашылығына қажет арзандатылған дизель отынының құнын ресурс иелері нарықтағы ойыншылармен келісу арқылы анықтап, өз еріктерімен бекітеді.

Мұнай өңдеу зауыттарынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін дизель отынын жөнелту заң деңгейінде басымдық берілген негізде жүзеге асырылады. Отын жөнелту барысына тәулік бойы бақылау мен мониторинг жүргізілетіндігін атап өткен жөн.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерін дер кезінде жанар-жағармаймен қамтамасыз ету мақсатындағы жоғарыда аталып өткен шаралар биылғы егіс жұмыстарының ойдағыдай жүргізілін, диқан қауымының төккен мандай терінің нәтижесі – күзгі астық жинау науқанының табысты аяқталуы үшін энергетика министрлігі тарапынан жан-жақты жұмыс жасалып отырғанын көрсетеді.

Егін шаруашылығының маусымдық сипатына қарай науқандық жұмыстар тұсында жылда қайталанып отыратын жанар-жағармайдың қымбатшылығына орай өзгелерде баға қалай екен деген сұрақ туындайтыны анық. Осы ретте Global Petroleum Prices халықаралық агенттігінің биылғы 30-шілдедегі мәліметіне сәйкес, Қазақстан бензині арзан елдердің ішінде 10-шы орында, ал дизель отыны бойынша – 167 елдің ішінде 13 орында тұр. Әлем елдері ішінде ең қымбат бензин – Сауд Арабиясы, Араб Әмірліктері, АҚШ, Ресей және Әзірбайжан елдерінде. Тек 9 елде бензин арзан (Венесуэла, Иран, Кувейт, Түркіменстан бастаған), дизель отыны 12 елде арзан (оның ішінде Венесуэла, Иран, Сауд Арабиясы, Әзербайжан, Түркіменстан бар). Рейтинг ай сайын құралады, мәліметтер ашық түрде таратылады.

Дизель отынының бағасы

Кестеге сәйкес АШТӨ қажеттілігі толық көлемде бекітіліп, 769,4 мың тонанны құрады

№ т/б	Облыс	Көктемгі жеткізу көлемі (мың тонна)	Күзгі жеткізу көлемі (мың тонна)	Барлығы (мың тонна)
1	Ақмола облысы	65	70,0	135
2	Ақтөбе облысы	8,8	8,5	17,3
3	Алматы облысы	24,5	20,0	44,5
4	Атырау облысы	0,6	0,5	1,1
5	Шығыс Қазақстан обл.	25	25,0	50
6	Жамбыл облысы	15,5	16,2	31,7
7	Батыс Қазақстан обл.	12	11,0	23
8	Қарағанды облысы	18	15,0	33
9	Қостанай облысы	71	83,0	154
10	Қызылорда облысы	14	16,0	30
11	Павлодар облысы	16	14,0	30
12	Солтүстік Қазақстан обл.	66,6	75,0	141,6
13	Оңтүстік Қазақстан обл.	38	40,2	78,2
	Барлығы	**375,0**	**394,4**	**769,4**

АШТӨ үшін дизель отынының құны

МӨЗ-дегі баға		Тасымалдау тг/литр	Мұнай базаларында сақтау тг/литр	Маржа тг/литр	АШТӨ үшін баға тг/литр 6=2+3+4+5	ҚР автожанармай станцияларындағы негізгі баға	АШТӨ және автожанармай станциялары арасындағы баға айырмашылық
Баға тг/тонна	Баға тг/литр						
1	2	3	4	5	6	7	8
181 000	150	5	4	2	161	187	26

Қазақстанмен көршілес елдердегі бөлшек саудадағы АИ-92 бензині мен дизель отынының бағасы (теңге/литр)

	Қазақстан Республикасы	Қырғыз Республикасы	Өзбекстан Республикасы	Ресей Федерациясы
АИ-92	155,8	219,8	238,8	231,2
Дизель отыны	183,5	226,7	186,9	246,8

ЖАҢҒЫРТУ

Зауыттарға «ақ күн» туды

Еліміздің қорғаныс-өнеркәсіптік кешені бойынша жүйе құрауды кәсіпорындар саналатын Оралдағы байырғы кәсіпорындарды мемлекеттік тапсырыстармен қамтуда іркілістер жиі кездеседі. Бұл саладағы зауыттар әуелден-ақ қорғаныс саласының қажетін өндіруге маманданған. Сондықтан да олар өзге өнім түрлерін өндіруге көшіп те кете алмайды.

ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Биыл мамыр айында Ақ Жайық өңіріне жұмыс сапарымен келген Елбасы нақ осы зауыттарға қатысты көкейтесті мәселелерді шешуге Үкімет басшысына тиісті тапсырмалар берді. Содан бергі уақытта бұл мәселе қалай шешілуде, зауыттар қосымша мемлекеттік тапсырыс алды ма деген сауалдарға жауап іздедік.

– Елбасы тапсырмасы бойынша Үкіметте премьер-министрдің бірінші орынбасары Аскар Маминнің төрағалығымен батысқазақстандық жүйе құраушы кәсіпорындар басшыларының қатысуымен төрт мәрте кеңес өткізілді. Осындай баскосулардың барысында өндіріс ошақтарының туйтілді мәселелері жан-жақты талқыланып, министрліктерге, орталық мемлекеттік құрылымдарға тиісті тапсырмалар берілді, – деді облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының басшысы Арман Жалмағамбетов.

Оның айтуынша, бүгінде мемлекеттік тапсырыстарға қатысты туйтілді түйін шешіліп, зауыттарға «ақ күн» туды. Маусым айында Орал қаласында Қорғаныс министрлігінің тиісті құрылымдарымен бірге «Зенит» Орал зауыты» АҚ және «Гидроприбор» ҒЗИ» АҚ-ны мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарымен қамтамасыз ету мәселесін талқылаған көшпелі кеңесі өткізілген. Соның нәтижесінде биыл «Гидроприбор» базасында екі катерді және «Зенит» зауытында «Барыс» жобасымен жасалған кемелерді жөндеуге тапсырыстар беру жөнінде шешімдер қабылданған.

Қорғаныс министрлігі 2019-2021 жылдары еліміздің әскеритеңіз күштерінің кеме-катерлеріне техникалық қызмет көрсетуге тиісті қаржы бөліп, бұл тапсырыстарды «Зенит» пен «Гидроприбор» кәсіпорындарына беретін болды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметімен Қаржы министрлігіне алдағы үш жылда «Зенит» зауыты үшін екі «Айбар» кемесінің, бір «Қайсар» жүрдек катерінің құрылысына және шекара күзетіне бір кеме құрастыруды бастауға, сондай-ақ аталмыш қос кәсіпорында кеме-катерлерді жөндеуге, оларға техникалық қызмет көрсетуге қосымша бюджеттік тапсырыстар енгізілді. Сонымен қатар бұл жылдары «Гидроприбор» шекара күзетіндегі бес «Сапсан» катерін жөндеуімен айналысады. Бұған да қаржы бөлуге тапсырыс берілді. «Осылайша қос зауыт үш жыл мерзімге тапсырыстармен қамтылып, олардың жүктемесі ұлғаяды», – деді Арман Жалмағамбетов.

Энергетика министрлігі «Конденсат» АҚ-мен аталмыш акционерлік қоғамды ішкі нарықтарға мұнай өнімдерін жеткізуді арттыру үшін қажетті шикізатпен қамтамасыз ету жөнінде меморандумға қол қойды. Осы меморандумның шарттарына сәйкес кәсіпорын жылына 218 мың тонна болатын К5 экологиялық дизель отыны өндірісі жобасын аяқтады.

Биылғы жылдың маусым айында Энергетика министрлігі «Конденсат» АҚ-ның мұнай өңдеу зауытына маргиналды мұнай құбырлары мен теміржол арқылы қазақстандық өндірушілердің мұнайын жеткізудің кестесін бекітті. Соған орай, осы жылдың шілде айына 15 мың тонна көлемінде сынамалық квота бекітілді.

«Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы» АҚ базасында қазақстандық жаңа арнайы өнімдер өндірісі мәселесі де шешімін табуда. «БКМК» АҚ-ның арнайы өнімдерінің үлгілері «KADEX-2018» халықаралық қару-жарақ және әскери-техникалық мүлік көрмесінде көрсетілді. Қазіргі уақытта «Омега» зауытының бұрынғы қуаты жоқ, өнім шығармайды. Кәсіпорын базасында жеке инвестицияға мемлекеттің қолдау-көмегінің арқасында трансформатор зауыты ашылғаны мәлім. Бұл өндіріс ошағы бұрынғы зауыттың бір цехына ғана иелік етеді. Сондықтан «Омеганың» бос тұрған ғимараттарында жаңа өндіріс орындарын ашуға мүмкіндік бар. Жаңа зауыттың басшылығы «Омеганың» 100 пайыз акциясын сенімді басқаруға алуға сұрап жүр. Бұған қатысты мәселе де өз шешімін тапты. Биылғы 13 маусымдағы Үкіметтің қаулысымен аталмыш кәсіпорыннан құпиялылық режимі алынды. Енді «Самұрық-Қазына» ҰК» АҚ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-мен бірге «Омеганың» мүлкіне бағалау жұмыстарын жүргізіп, оны бәсекелестік ортаға беру үшін желілік кестеге сай электрондық саудаға шығарады. Жариялылық, ашықтық негізінде өткізілетін электрондық сауда кімнің, қай компанияның мерейі үстем болатынын анықтайды.

ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Сауда айналымы 1 трлн теңгеден асты

Қытай-қазақстандық «Қорғас» халық-аралық шекаралық ынтымақтастық орталығында (ХШЫО) екі ел арасындағы сауда айналымы 38%-ға жуық артқан, деп хабарлайды «Синьхуа» агенттігі.

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы Қорғас қалалық уезд статистикалық басқармасының мәліметтеріне сәйкес осы жылдың алғашқы жартысында транс-шекаралық сауда айналымы 20,686 млрд юаньға немесе 1 триллион 54 миллиард теңгеге жеткен.

Өсім 2017 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 37,8%-ды құраған.

Қытай мен Қазақстан арасындағы Қорғас қалалық уезінде шекаралық БӨП (бақылау-өткізу пункті) ресми түрде 1881-інші жылы ашылған.

2018 жылдың мамыр айында «Қорғас» халықаралық орталығы аумағында теңгемен қолма-қол есеп айырысу енгізілген. Енді «Қорғас» ХШЫО тауар сатып алатын кәсіпкерлерге қолма-қол тенгелерін юаньге конверсиялаудың еш қажеті жоқ.

KAZ Minerals ресейлік кен орнын сатып алады

Қазақстандық KAZ Minerals компаниясы ресейлік Роман Абрамовичтен Чукотқадағы Баимская мыс жобасын сатып алады, деп хабарлайды https://news.ru . Мәміле сомасы – 900 млн АҚШ доллары.

Бірінші транш 675 млн доллар, бұл жобаның 75%-ы төлемі, бұдан кейінгі төлем ақшалар және акциялар түрінде түседі. Қазақстандық компания келер жылдың бірінші жартыжылдығында есеп айырысуды жоспарлап отыр, деп жазады KAZ Minerals баспасөз қызметі.

Кен орнының ресурстары 9,5 млн тонна мысты және 16,5 млн унций алтынды құрайды. Қазақтар жағы жобаға 5,5 млрд доллар инвестициялямақ. Компания алғашқы он жылда өндірістің орташа жылдық көлемін 250 мың тонна мыс және 400 мың унций алтын көлемінде қамтамасыз етпек, дейді Нью.ру сайтынан.

KEGOC рейтингі – «Тұрақты»

Американдық Fitch Ratings біздің KEGOC (Электр жүйелерін басқару жөніндегі қазақстандық компанияның) шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді РДЭ-сын (эмитент дефолты рейтингін) «BBB-» деңгейінде растады. Рейтинг бойынша болжам – «Тұрақты», деп хабарлайды компания сайтынан.

«2019 жылдан бастап KEGOC өзінің бір еншілес жүйесі арқылы қуатты бірыңғай сатып алушы болады және электр энергиясын тұтынушылардан қуат үшін төлем қабылдайды және де алған қаржыларын өндіруші компанияларға қайта бағыттайды. KEGOC үшін бұл «транзиттік тармақ, әйтсе де бұл, біздің бағалауымызша, 2019-2022 жылдары шамамен 250-270 миллиард теңгені құрап, компанияның түсімі мен шығынын артырады», – делінген Fitch-тің хабарламасында.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▸ ҰЛТТЫҚ ҚОР

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС – 67 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ

Биылғы бірінші тоқсанда Ұлттық қордың инвестициялық кірісі 67 млрд теңге болды.

Қаржы реттеушісінің баспасөз қызметі соңғы кезде кейбір БАҚ-та Ұлттық қордың 2018 жылғы бірінші жартыжылдықта 785 млрд теңге мөлшеріндегі инвестициялық шығыны жөнінде ақпарат пайда болғанын атап өте отырып, іс жүзінде бұл көрсетілген сома Ұлттық қордың аталған есепті кезеңдегі шығыны болып табылмайтындығын хабарлады. Бұл бағамдық айырманы ескере отырып, 2018 жылғы 1-тоқсаның соңындағы инвестициялық нәтижені білдіреді. Қаржы министрлігі жариялайтын Ұлттық қордың түсімдері және пайдаланылуы туралы есеп ақпараттың алғашқы дереккөзі болып табылады. Бұл есеп ұлттық валютада жасалды және онда ҰҚ-ның кірістілігі есептелетін базалық валютадағы (АҚШ долларындағы) активтерді басқарудан түскен инвестициялық кіріс туралы ақпарат жоқ.

Ұлттық банк биылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша басқару нәтижелері бойынша (-) 785 млрд теңге мөлшеріндегі шығын 67 млрд теңге мөлшеріндегі нақты инвестициялық кірістен және осы кезеңде теңге бағамын АҚШ долларына қатысты нығайтуға байланысты қайта бағалау (қайта есептеу) бойынша (–) 852 млрд теңге теріс айырмадан тұратындығын атап көрсетеді. Мәселен, АҚШ долларының бағамы 2018 жылғы 31 наурыздағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісінше 318.31 теңге және 332.33 теңге болды.

Сондай-ақ қаржы реттеушісі Қаржы министрлігі жариялайтын, кейбір БАҚ ҰҚ-ның кірісі деп атайтын ҰҚ-ның түсімдері мен пайдаланылуы туралы есептегі 605 миллиард теңге кіріс болып табылмайтынын, ол 2018 жылғы 1-тоқсандағы теңгемен инвестициялық нәтижені ескере отырып, қорға 2018 жылғы бірінші жартыжылдықтағы нетто түсімдерді көрсететінін атап өтті.

▸ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

ЖАРНА 8,2 МИЛЛИАРДТАН АСТЫ

Шілде айында Медициналық сақтандыру қорына 8,2 млрд теңгеден астам жарна түсті.

Жүйе іске қосылған өткен жылдың 1 шілдесі мен биылғы 31 шілде аралығында жеке кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер төлеген жарналардың жалпы сомасы 88,9 млрд теңгеден асты. Оның ішінде 80,3 млрд теңге, яғни 90,3 пайызға жуығы жұмыс берушілердің қарамағындағы жұмыскерлері үшін жасаған аударымдары болса, қалған 8,6 млрд теңге, 9,7 пайызы – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Еліміз өңірлері арасында жарна төлеу жағынан Алматы және Астана қалалары мен Қарағанды облысы алдыңғы орында келеді.

Ұлттық банкпен жасалған қаржыны сенімгерлік басқару туралы келісімге сәйкес жинақталған қаражат еліміздің бас банкінде сақталады. Ол болашақта МӘМС пакеті аясында көрсетілетін қызметтер ақысын төлеуге жұмсалады

▸ ҰЛТТЫҚ БАНК

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫН ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Ұлттық банк қаржылық қызметтерді тұтынушылар-дың құқықтарын қорғау аясында шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар қабылдады.

Ұлттық банк қаржы ұйымдарының өз қызметінде заңнамаларда, оның ішінде банктік заңнамада, сондай-ақ Ұлттық банктің нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды сақтауына тұрақты негізде бақылау жүргізіп отырады. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін қарау нәтижелері бойынша және бұзушылықтар анықталған кезде, Ұлттық банк қаржы ұйымдарына шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар қолданады. Мәселен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау аясында биыл бірінші жартыжылдықта бас банк 160 шектеулі ықпал ету шарасын қолданды, оның ішінде айыппұлдар салу және өндіріп алу түріндегі 47 санкция; 113 шектеулі ықпал ету шарасы, оның ішінде 102 жазбаша ұйғарым және 11 жазбаша ескерту. Қаржы секторы бойынша: екінші деңгейдегі банктер – 129 (42 айыппұл, 78 жазбаша ұйғарым, 9 жазбаша ескерту); микрокаржы ұйымдары – 20 (5 айыппұл, 14 жазбаша ұйғарым, 1 жазбаша ескерту); сақтандыру компаниялары – 4 жазбаша ескерту; коллекторлық агенттіктер – 7 (6 жазбаша ұйғарым, 1 жазбаша ескерту). Бірінші жартыжылдықтағы айыппұлдар сомасы – 40 047 882 теңге болды.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▸ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

БЖЗҚ: Активтер табыстылығы жоғары

Зейнетақы жарнасын аударған еңбекке қабілетті әрбір азаматтың көпілінде бір алаң болып келген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жағдайы соңғы уақытта жақсарып, табыстылығы біршама арта түсті деген жағымды жаңалықтармен сипатталуда. Қордың мәліметтеріне қарағанда, биыл 1 шілдеге зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 8,4 триллион теңгені құрап, жыл басынан бері 663,6 млрд теңгеге немесе 9 пайызға өскен. Алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің табыстылығы инфляциядан жоғары болды.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

Биылғы жылдың алғашқы жартысында салымшылар мен алушылардың зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 356,4 млрд теңге болды. Былтырғы жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш 205,7 млрд теңге болған еді. Жыл басынан бері табыстылық 4,5 пайызға жетті. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 2,6 пайыз болды. Ал жылдық тұрғыда алып қарайтын болсақ, Қордың зейнетақы активтерінің табыстылығы өткен жылдың 1 шілдесі мен биылғы 1 шілде аралығында 9,5 пайызды құрады. Бұл кезеңдегі инфляция деңгейі 5,9 пайыз болды.

Биыл алғашқы айты айдың ішінде зейнетақы жарналары бойынша түсімдердің жалпы сомасы 407,5 млрд теңгеге (кері қайтарылған жарналарды есепке алмағанда) жетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (366,4 млрд теңге болған) 11 пайызға жоғары. Бұл ретте түсімдердің негізгі үлесі міндетті зейнетақы жарналарына тиесілі.

Жалпы, биылғы алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы жарнасын аударған адамдар саны 5,6 миллионнан асты. Олардың 70 пайызы (шамамен 4,1 млн адам) зейнетақы жарналарын жылына кемінде алты рет аударады. Бұл ретте олардың төлеген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 407,4 млрд теңге болды. Салыстырып қарайтын болсақ, былтыр 5,9 миллионнан астам салымшы БЖЗҚ-ға жалпы сомасы 756,1 млрд теңгеге міндетті зейнетақы жарналарын аударды. Бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 8 пайызға жоғары.

Қор экономикалық тұрғыдан белсенді тұрғындардың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту және зейнетақы жарналары бірнеше жыл бойы түспеген шоттарды белсенді ету мақсатында олардың өңдеу жұмыстарын қолға алды. Осы шаралардың барысында салымшылардың дереккорында 2015-2017 жылдар аралығында ашылған, бірақ содан бері бірде-бір рет жарна түспеген немесе тұрақты түсіп тұрмаған шоттар анықталды. Биыл ақпан-маусым айлары аралығында 218,4 мыңнан астам салымшымен байланыс орнатылып, 29 мыңға жуық адам қосымша ақыл-кеңес алу үшін қорға хабарласқан. Ал 50,65 мың шотқа жарналар аударылды.

Экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтардың барлығын жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту мақсатындағы жұмыстардың бір бағыты орталықтан шалғай жатқан шағын елді мекендердің тұрғындарына қатысты. Осы ретте 2015 жылдан бері салымшылар мен алушыларға көшпелі қызмет көрсету жолға қойылды. Егер салымшы немесе алушы қандай да бір себеппен, бірінші кезекте денсаулығына байланысты қор кеңсесіне келе алмайтын болса, қор қызметкерлері оған өздері барып қызмет көрсетеді. 2018 жылдың алғашқы жартысында осы жоба аясында 3,9 мың көшпелі шара ұйымдастырылып, 93,4 мың операция жүзеге асырылды.

Шалғайда орналасқан елді мекендерде, сондай-ақ қор бөлімшелері жоқ аудандарда зейнетақы қызметінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында биыл екінші тоқсанда «Мобильдік кеңсе» жобасы іске қосылды. Қажетті техникалармен және жерсеріктік байланыс құралымен жабдықталған «Мобильдік кеңсе» 16 сәуір мен 30 маусым аралығында, яғни үш ай ішінде 75 рет жолға шықты. Арнайы әзірленген жоспар мен кестеге сәйкес жасалған сапарлар барысында 5,1 мыңнан астам адамға қызмет көрсетіліп, 6,3 мыңнан астам операция орындалды. Сонымен қатар көшпелі қызмет көрсету барысында 2,3 мыңнан астам жергілікті тұрғынға ақыл-кеңес берілді. Бүгінде «Мобильдік кеңсе» жобасы Алматы, Атырау және Қостанай облыстарында жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта жобаны Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Ал, келесі жылы Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл, Павлодар және Солтүстік Қазақстан өңірлерінде жүзеге асыру жоспарлануда.

Биыл алғашқы айты айда БЖЗҚ-дан төленген зейнетақы төлемдерінің сомасы 100,9 млрд теңге, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына жасалған аударымдар 8,8 млрд теңге болды. Кесте бойынша төлемдер 63,4 млрд теңгені құрады, оның ішінде: жыл сайын – 61,9 млрд теңге, үш ай сайын – 11,9 млн теңге және ай сайын – 1,5 млрд теңге төленген. Сонымен қатар, БЖЗҚ жалпы сомасы 28,6 млрд теңгеге бір жолғы төлемдерді жүзеге асырды. Оның ішінде зейнеткерлік жасқа толуға байланысты берілген біржолғы төлемдер сомасы – 1,6 млрд теңгені құрады. Салыстырып қарайтын болсақ, өткен жылдың сәйкес кезеңінде БЖЗҚ-дан 121,2 млрд теңге, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына 14,7 млрд теңге төленді. Жалпы төлемдер көлемінің азаюы төлемдерді ай сайын жүзеге асыру тәртібін енгізуге байланысты орын алып отыр. Бұл өз кезегінде төлемдерді алу уақытын ұзартуға және алушылардың жиынтық зейнетақысының көлемін арттыруға септігін тигізеді. Сақтандыру ұйымдарына жасалатын аударымдар көлемінің азаюына бірнеше себеп бар. Атап айтар болсақ, олар: сақтандыру аннуитеті шартын жасасу үшін лайықты болатын соманың өсуі, зейнетақы жинақтарының сақталуына қатысты мемлекеттік кепілдіктен айырылу, сақтандыру компанияларының ұсынатын шарттарының өзгеруі және басқа да себептер.

1 шілдедегі жағдай бойынша 8,45 триллион теңгені құраған зейнетақы активтерінің 46,7 пайызы Қазақстанның мемлекеттік құнды қағаздарына, 14,22 пайызы еліміздің екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдарына (облигациялар – 14,22 және депозиттер – 3,71 пайыз), 10,22 пайызы – шет мемлекеттердің мемлекеттік құнды қағаздарына, ал 8,66 пайызы – квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларына инвестицияланған.

БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен сатып алынған осы және өзге де қаржы құралдары теңгеде – 67,89%, АҚШ долларында – 31,60% және Ресей рублінде – 0,41%.

Биылғы 1 шілдеге қарай рейтингі «AAA»-дан «BBB-»-қа дейін болатын, тәуекелі ең төмен қаржы құралдарының үлесі өткен жылдың 1 сәуіріндегі көрсеткішпен салыстырғанда 64,35 пайыздан 74,82 пайызға өсті. Бұл ретте зейнетақы активтерінің 14,28 пайызы ұстамды дәрежедегі тәуекелі бар (рейтингі «BB+»-тен «B-»-қа дейін) қаржы құралдарына орналастырылды. Рейтингтік бағасы жоқ қаржы құралдарының сомасы 798 млрд теңгені құрады. Дегенмен бұл қаржы құралдарын шығарған эмитенттер парапар кредиттік рейтингке ие.

БЖЗҚ инвестициялық декларациясында көзделген зейнетақы активтерінің инвестициялық қоржынының валюталық бөлігіне қатысты жаңа стратегиялық үлестірім аясында биыл 12 наурызда Ұлттық банктің сенімгерлік басқарушылығы зейнетақы активтерінің бір бөлігі (220 миллион АҚШ доллары) «Дамушы нарықтардың ғаламдық облигациялары» мандаты бойынша Aviva Investors Global Services Limited сыртқы басқарушысына берілді.

▸ РЕЙТИНГТІК ШОЛУ

Халық банктің болжамы жақсарды

> [1]

Халық банкі бірқалыпты дамуда

Халық банктің банк орнықтылығы индексімен айқындалған ЭДР-і оның жеке кредитті өтеу қабілетіне негізделген. Рейтингтер бұрынғыдай банктің нарықтағы үстем үлесін және оның Қазақстандағы депозиттерінің көлемі бойынша аса іри банк ретінде баға белгілеуге әсер етуде айтарлықтай мүмкіндіктері барын, сондай-ақ тәуекелге және менеджментке парасатты қарымқатынасын және капиталының жақсы қоры мен нық өтімділігі барын ескереді.

Халық банктің ЭДР-і бойынша болжамды «тиімді» деп қайта қарау Fitch әдістемесі бойынша сақтау қорына түспеген құнсызданған кредиттердің негізгі капиталға қатынасы капиталдың одан әрі табыс есебінен артуы нәтижесінде біртіндеп қысқаратынын, кредиттердің тек қана бірқалыпты өсімімен, кепілдікті қамтамасыз ететін сатулар мен бірқалыпты қосымша сақтау қорында ұстау нәтижесінде бірқатар активтер бойынша қаражаттарды өндіріп алу және өтеу айқындайды.

2018 жылдың I тоқсанының соңына Халықтық банктегі құнсызданған кредиттер (IFRS–МСФО – қаржылық есептің халықаралық стандарты – ҚЕХС – ред.) 9-ға сәйкес үшінші сатыдағы кредиттер) жалпы кредиттердің 21 пайыздық жоғары деңгейінде болды және кредиттердің құнсыздануы сақтық қорымен 45 пайызын жаба алды. Сонымен қатар бұл Халық банктің ҚЕХС (IFRS) 3-ке сәйкес сақтық қорларды шығарып тастағандағы «Қазком» проблемалық кредиттерін шоғырлауымен де түсіндіріледі. Fitch-тің бағалауынша, егерде осы проблемалық заемдар банктің есеп-қисабында көрсетілген болса, Халық банктің құнсызданған кредиттері жалпы кредиттердің 35 пайызын құраған болар еді. Оның үстіне заемдардың құнсыздануын сақтық қорымен жабу 74 пайыздық жоғары деңгейге шығып кетер еді және Fitch – құнсызданған кредиттердің көпшілігі бойынша тұрлаулы кепілдік қамтамасыз етудің қолжетімділігін ескере келе – құнсызданудан қандай да бір болмасын шығындар шектеулі болуы тиіс деп жорамалдайды. 2018 жылдың I тоқсанының соңына сақтау қорының құнсыздануын есептен шығарып тастағанда құнсызданған кредиттер Fitch әдістемесі бойынша негізгі капиталдың тұрлаулы 44 пайызы деңгейінде болды. ҚЕХС (IFRS) 9-ға сәйкес екінші сатыдағы кредиттер және профильдік емес активтер (негізінен өндіріп алынған жылжымайтын мүліктер) Fitch әдістемесі бойынша негізгі капиталдың тағы 19 және 17 пайызын, тиісінше, құраған. «Біз бұл көрсеткіштер Халық банк активтерінің сапасын тұрлаулы айшықтайды, ал активтер сапасына қатысты басқа тәуекелдер тұрақты деп болжаймыз. Мұндай пікір (і) көпшілігі жетекші қазақстандық компаниялар немесе олардың қосалқы мердігерлері, болмаса үлестес жүйелері болып табылатын Халық банктің аса ірі корпоративтік қарыз алушыларының лайықты сапасына; (іі) соңғы жылдарғы тек бір қатарлы төменгі сандармен айқындалған кредиттердің (есептен шығаруды тұзетуді ескере отырып) тұрақты жаңа құнсыздануларына; және (ііі) 2018 жылдың I тоқсанының соңына банктің жиынтық активтерінің 50 пайызын құрайтын тәуекелділігі төмен (негізінен инвестициялық деңгейдегі рейтингті облигациялар және ақшалай қаражаттар/банктік орналастырулар) жоғары үлесіне негіз болған», – деп атап көрсетеді агенттік.

Капитал жеткіліктілігі – табыс көзі

Fitch тағы банктің шығындарды сіңіре алу мүмкіндігі айтарлықтай екенін айтады. 2018 жылдың I тоқсанында, бір жолғы табыстарды есептемегендегі, сақтық қорларына дейінгі бір жылдағы табыстар жалпы кредиттердің 7 пайызына тең болған немесе сақтық қорларындағы емес құнсызданған кредиттердің 50 пайызы. Түсімділік айтарлықтай маржадан және күшті операциялық тиімділіктен қолдау тапқан. Халық банктің түсімділігіне қысым Қазкоммерцбанк көлемі кішірек болғандығынан және оның теңгерімі жүйесін жақсартудың арқасында бірқалыпты болған. Халық банктің таза пайдасы ең бастысы кредиттерді сақтық қорда сақтауға мүдделі болып қалатын сияқты, әйтсе де 2018 жылғы I тоқсанның қаржылық нәтижелеріне орай, банк орташа капиталдың (ROEA) 2018 жылы 25 пайыздан жоғары табыстылықтың күшті көрсеткішіне ие болады, деп болжауда.

Халық банк капиталдандыруының сәйкестігі ойдағыдай, мұны оның 2018 жылдың I тоқсанының соңына Fitch әдістемесі бойынша 17,3 пайыз негізгі капиталының көрсеткіші де айғақтайды.

Біздің бағалауымызша, банк құнсызданған және қайта құрылымдалған кредиттерді 100 пайыз сақтық қорымен жабуы үшін Халық банктің капитал қоры жеткілікті және де оның үстіне Fitch әдістемесі бойынша негізгі капиталының жеткіліктілігін сақтап қала алады. Капиталының жеткіліктілігі жақсы табыстылығы және кредиттік қоржынының ұдайы тұрақты өсімі (бөлкім, бөлшек несиелендіру үшін де, корпоративтік кредиттеу үшін де 10 пайызға дейін) арқасында орташа мерзімді келешекте жоғары болып қалатын тәрізді.

Қорландыру мен табыстылық жағымды рейтингтік фактор болып табылады. 2018 жылдың I тоқсанының соңына Халық банкі 77 пайызға клиенттік қаражатқа қаржыландырылды. Қорландырудың айтарлықтай шоғырлануына (2018 жылдың I тоқсанының соңына жиынтық міндеттемелердің 25 пайызы банктің 10 аса ірі клиенттеріне тиесілі) қарамастан, банкті қорландырудың тұрақтылығына оның қазақстандық нарықтағы жақсы жайғасымы және үлкен клиенттік базасы оңды әсерін тигізуде. 2018 жылдың мамырындағы Қазкоммерцбанк еурооблигациялары шығарылымының 300 млн АҚШ долларына келісімшарттық өтеуінен кейін қалған бөлігін 2018 жыл бойына одан әрі өтеу онша айтарлықтай емес. Халық банк өтімділігінің ауқымды қоры 2018 жылдың I тоқсанының соңына дейінгі барлық міндеттемелердің 57 пайызын өтеуге жеткілікті.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ИГЕРУ

Ақтоғай өсім қозғалтқышына айналды

KAZ Minerals өндірістік іс-қызметінің нәтижелерін жариялады

> [1]

Оған қоса, әлемдегі жаңа мыс кен орындары шектеулі және оларды игере алатын компаниялар да санаулы. Осы үдерістер аясында еліміздегі заманауи, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания – KAZ Minerals тобы мысқа қатысты жағымды болжаммен, тұрақты өндірістік көрсеткіштерімен, жаңа жобаларды іске қосуменөсім стратегиясын жалғастырып отыр. Компания операциялық қызметін Павлодар мен Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан Бозшакөл және Ақтоғай кен байыту кешендерінде, сондай-ақ Шығыс Қазақстандағы үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында, бұдан өзге, Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізуде. Дәл осы Бозшакөл мен Ақтоғай өндірістік кәсіпорындары – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдыратын болады. Тіпті операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Ондағы кен байыту фабрикаларының жылдық толық қуаты – 30 млн тонна. Кеніштi пайдаланудың қалған мерзімі – 39 жыл болса, кендегі мыс құрамы 0,35%-ке тең. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Карьер типтес ірі ашықмды Ақтоғай кеніші де Бозшакөлге ұқсас. Мыс мөлшері оксидті кен бойынша – 0,36% және сульфидті кен бойынша 0,33%-ті қамтитын кеніш әлі 28 жылдай игеріледі. Мұндағы оксидті кеннен катодты мысты өндіру осыдан екі-үш жыл бұрын басталды, артынша сульфидті кеннен алғашқы мыс концентраты өндірілді. Осы сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты есептегі деңгейге жеткенде 25 млн тоннаны құрайды. Сульфидті кенді қайта өңдеу көлемі 2021 жылдың соңына дейін екінші кен байыту фабрикасы өндірісін бастағанда екі еселеніп, 50 млн тоннаға дейін жететін болады. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Кен орнының өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдары сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна, сондай-ақ 2025 жылға дейін оксидті кеннен жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі деп күтілуде. Бүгінде KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Қазақстанның, Лондонның және Гонконгтың қор биржаларында айналымда. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істесе, олардың басым бөлігін жергілікті азаматтар қамтуда.

Компания өткен жылы 259 мың тонналық мыстың жалпы өндіріс көлеміне қол жеткізіп, ілеспе өнім ретінде 58 мың тонна концентраттағы мырыш, 179 мың унция алтын мен 3,506 млн унция күміс өндірген болатын. Ағымдағы жылдың алғашқы жартысы да KAZ Minerals үшін табысты қорытындыланды. Топтың бірінші жартыжылдықтағы өндірістік іс-қызметінде 139,6 мың тонна мыс алынды. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 18%-ке – 118 мың тоннаға көп. Өсімге Ақтоғайдағы сульфидті кендерді өңдейтін кен байыту фабрикасының былтырғы жылмен салыстырғандағы арта түскен өткізу мүмкіндігі ықпал етken. Жалпы алғанда, биылдың бірінші жартысында Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-де 49,8 мың тонна, Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғай КБК-де – 60,5 мың тонна, Шығыс өңір мен Қырғызстандағы Бозымшақ кенішінде – 29,3 мың тонна мыс өндірілді.

Бозшакөл Тау-кен жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес бозшакөлдік кеннің құрамындағы мыстың орташа үлесі бірінші жарты жылда өткен жылдың осындай кезеңіндегі 0,56%-тен 0,49%-ке төмен болды. Сәйкесінше, мыс өндірісінің көлемі былтырдың осы кезеңімен салыстырғанда 4%-ке азайды. Тоқсанға шақ-қанда мыс өндірісінің 15%-ке қысқаруына кендегі металл үлесінің кемуі, өздігінен жартылай ұсақтау диірменінің қаптамасын ауыстыруға байланысты сульфидті кендерді өңдейтін БФ-ның өткізу мүмкіндігінің төмендеуі және каолин балшығы бар кендерді өңдеу үлесінің артуына орай жалпы бөліп алу коэффициентінің төмендеуі әсер еткен. Алтынға келсек, бұл бағалы металдың өндірісі ағымдағы бірінші жартыжылдықта 62,3 мың унцияны құрап, былтырғы жылдың бірінші жартысына сәйкес келеді. Өңдеу көлемінің артуы кен құрамындағы алтын мөлшерінің 0,31 гр/т-дан 0,26 гр/т-ға дейін төмендеуінің орнын толтырды. Биылдың алты айында күміс өндірісі 340 мың унция болып, өткен жылғы сәйкес мерзім өндірісінің көлемінен 6%-ке аз болды. Бұл да кендегі мөлшердің 1,58 гр/т-дан 1,33 гр/т-ға дейін азаюы салдарынан орын алды. Екінші тоқсанда Бозшакөлде молибден концентратының аз мөлшері өндіріліп, оның үлгілері әлеуетті клиенттерге бағалау үшін жолданды. Бірінші жарты жылда мыс өндірісі 50 мың тоннаға таяу болғандықтан, Бозшакөл 95-105 мың тонна көлеміндегі жылдық көрсеткіштерге жету жолында келеді. Яғни, өткізу мүмкіндігінің жоғары болуы екінші жыртыжылдықтағы төмен мөлшердің орнын толтырады. Ал алтын мен күмістің жылдық өндірісі сәйкесінше 115-125 мың және 500 мың унция көлеміндегі көрсеткіштерге жетеді деп көзделген.

Сондай-ақ Ақтоғай БФ-да өңделген сульфидті кеннің құрамындағы мыстың мөлшері 2018 жылдың бірінші жартысында былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 0,75%-тен 0,62%-ке дейін кеміді. Дегенмен бұл көрсеткіш супергендi байытылған кенді өңдеудің арқасында кен денесіндегі 0,33%-тік мөлшерден жоғары болып отыр. Сульфидті кеннен мыс өндіру 49 мың тоннаға жетіп, былтырғы жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 117%-ке – 22,6 мың тоннаға артық болды. Өсімге өңдеу көлемінің 110%-ке артуы және жоғары мөлшер мен бөліп алу әсер етті. Сульфидті кенді өңдейтін БФ өндірісі арттырудың айтарлықтай деңгейіне жетіп, бір ай бойы 100%-тік өткізу мүмкіндігін сақтап отырды. Орта есеппен екінші тоқсанда фабриканың қуаты 89% болды. Биылдың бірінші жартысында Ақтоғайдағы оксидті кендерді өңдейтін кешенде 11,5 мың тонна катодты мыс өндірілді. Бұл былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 11%-ке жоғары. Қазіргі уақытта оксидті кешен толық қуатында жұмыс істеп тұр. Жылдың бірінші жартысында мыс өндірісінің жалпы көлемі 61 мың тоннағы таяу болды. Бұл 110-130 мың тонна көлеміндегі жылдық жоспарлы аралыққа жету жолындағы айтарлықтай ілгерілеу болып табылады.

Өткен бірінші жартыжылдықта «Шығыстүстімет» ЖШС-нің кәсіпорындары мен Бозымшақ кенішінде мыс өндірісі 2017 жылдың алғашқы жартыжылдығымен салыстырғанда 29,3 мың тоннаға дейін немесе 11%-ке азайды. Бұған Орлов шахтасындағы кеннің құрамындағы мыс мөлшерінің төмендеуі және Николаев БФ жоспарды тоқтауына байланысты өндеу көлемінің азаюы себепші болды. Тоқсанға шаққандағы мыс өндірісі артып, бірінші тоқсандағы 14 мың тоннадан екінші тоқсанда 15,3 мың тоннаға жетті. Бұл Николаев кен байыту фабрикасында өңделген кеннің құрамындағы мыстың жоғары мөлшеріне байланысты болды. Бозымшақ толық жобалық қуатындағы жұмысын жалғастырып, бірінші жарты жылда 3,7 мың тонна мыс өндірді. Ағымдағы жылы Шығыс өңірдегі кәсіпорындар мен Бозымшақта 65 мың тонна мыс өндіру көзделген. Сондай-ақ есепті кезеңде алтын өндірісі 27,2 мың унцияны құрады. Жалпы 2018 жылы өндіріс көлемі 45-50 мың унция болады делінуде. Шығыс өңір мен Бозымшақтағы өңдеу көлемінің, кендегі металл мөлшерінің төмендеуі және бөліп алудың азаюы салдарынан 1,082 млн унция күміс өндірілді. Бұл көрсеткіш 2017 жылдың бірінші жартысында 1,282 млн унция болған еді. Ал жоспарланан жылдық көлем – шамамен 2 млн унция.

2018 жылдың бірінші жартысында концентраттағы мырыштың өндіріс көлемі Николаев кен байыту фабрикасындағы жоспарлы тоқтауға және өңделген кеннің құрамындағы металдың орташа мөлшерінің 2,63%-ке азаюына байланысты 24,9 мың тоннаға дейін төмендеді. Бұл көрсеткіш өткен жылдың бірінші жартысында 3,07% – 32,3 мың тонна болған-ды. «Шығыстүстімет» шахталарындағы кеннің құрамындағы мырыш мөлшері өзгеріп, Артемьев шахтасында екінші тоқсанда құрамның мөлшері 0,25% деңгейінде болды. Себебі өндіріс кен денелерінің арасындағы аумақта өтіп жатыр. Жылдың екінші жартысында Николаев БФ-да құрам мөлшері жоғарылап, өндірістің артуы күтіліп отыр. Бұл концентраттағы мырыштың өндіріс көлемін ұлғайтумен 60 мың тонна көлеміндегі жылдық аралыққа жетуге көмектеседі.

Тұтастай алғанда, KAZ Minerals тобы 2018 жылдың бірінші жартысында жоғары операциялық көрсеткіштерге қол жеткізді. Топтың басқарма төрағасы Эндрю Саузам сульфидті кендерді өңдейтін Ақтоғай БФ ұзақ уақыт бойы есептік қуатына жетіп, осы деңгейде жұмыс істегенін, Ақтоғай БФ-ның жоғары өткізу мүмкіндігі мыс өндірісінің 2017 жылдың бірінші жартысымен салыстырғандағы 18%-тік өсімге себепкер болғандығын атап өтті. Қазіргі сәтте компания 270-300 мың тонна көлеміндегі жоспарлы аралыққа жету және ілеспе өнімдерді өндірудегі көрсеткіштерді орындау бағытында қарқынды жұмыс жүргізуде.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АӨК: ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ӨНІМДІЛІК ЕСЕЛЕП АРТТЫ

Алматы облысында ауыл шаруашылығы өндірісіне жаңа технологияларды енгізудің арқасында өнімділік бірнеше есе көбейді.

Агроөнеркәсіптік кешенді сандық жүйеге көшіру аясында биыл «Қаскелен тәжірибелік шаруашылығы» ЖШС базасында «Нақты егін шаруашылығын жүзеге асыру үшін инновациялық агротехникалық паркі» («Қаскелен» агропаркі) қанатқақты жобасы құрылды. Оның негізгі бағыттары – жүгері, соя, жаздық бидай, арпа және басқа да сұраныска ие дақылдарды өсіру.

«Қаскелен» агропаркінің тәжірибе алаңында сынақтан өткен сұрыптар қазірдің өзінде жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Мысалы, жаздық арпаның шығымдылығы гектарына 51 центнер, ал бидай – 39,6 центнерден айналып, жоғары өнімділікке қол жетті. Биыл соя да жақсы өнім береді деп күтілуде. Сояны дәстүрлі суару арқылы өнімділігі кемінде гектарына 4 тоннаға жетеді деп болжануда. Ал тамшылап суару арқылы – 6 тонна. Жүгерінің тұр-тұқым өнімділігі 10 тонна болса, тамшылап суару арқылы – 16 тонна. Бүгінге дейін Алматы облысында соя мен астық өнімділігінің орташа көрсеткіштері гектарына 2 тонна, жүгері – 6 тонна болып келді.

Бүгінде елімізде үш, Алматы, Қостанай және Ақмола облыстарында, тәжірибе алаңы бар. Мұндай алқаптар еліміздің барлық өңірлерінде құрылатын болады. Өйткені ауыл шаруашылығына инновацияларды жеделдетіп енгізу өнімділікті есеп арттырып, өнім өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА

СЫРТҚЫ ҚАРЫЗ КӨЛЕМІН АЗАЙТТЫ

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ алғашқы жарты-жылдықта операциялық қызмет бойынша жылдық жоспарды 78%-ке орындады.

Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның экономика және қаржы жөніндегі тең-басқарушы директоры Ернар Жанәділ атап өткендей, биылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша қордың барлық негізгі қаржылық көрсеткіштері бойынша өсім тіркелген. Жалпы, холдингтің негізгі қызметінен түскен кіріс 3,339 трлн теңгені құрады. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 27% артық. Сонымен қатар, жарты жылда операциялық қызмет бойынша жылдық жоспар 78%-ға орындалып, табыс көлемі 428 млрд теңгеге жетті (былтырғы есепті кезеңдегі көрсеткіштен 43,1%-ке артық). Аталған көрсеткіштерге бірнеше фактордың арқасында қол жеткізілді: сол кезеңде мұнай өңдеу көлемі 13%-ға, электр энергиясының өндірісі 28%-ға, теміржол жүк тасымалының көлемі 9%-ға артты, сонымен қатар көмірсутектер бағасы көтерілді.

Қор мен оның алдыңғы қатарлы қаржындық компанияларының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағытындағы жұмыс нәтижесін атап өту маңызды: бірінші жартыжылдықта қор сыртқы қарыз көлемін $900 миллионға азайтты, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның $1,6 млрд халықаралық облигациялары өтелді, «Самұрық-Энерго» АҚ 39 млрд теңгеге жуық қарызын мерзімінен бұрын төледі. Сондай-ақ қор «Қазкоммерцбанк» АҚ-да көлемі 117 млрд теңгені құрайтын бұғатталған депозиттегі қаржысын мерзімінен бұрын алды, және кезекті екінші деңгейлі банкпен 220 млрд теңге көлеміндегі депозитті қайтару туралы келісім-шартқа қол қойылды. Босатылған қаражат нарықтағы көрсеткіштерден төмен мөлшерлемемен қордың қаржындық компанияларына қарызға беріледі.

ЭКСПОРТ

ҰН ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНАДЫ

Тәжікстан Қазақстаннан бидай сатып алу көлемін 15 пайызға арттырды.

Тәжіктер ұн өндірісінде толығымен Қазақстан бидайын қолданады. Тәжікстанның Өнеркәсіп және жаңа технологиялар министрлігінің деректері бойынша, биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында отандық ұн өндірісінің үлесі 95,8%-ға жеткен. Тәжікстан үкіметі жаңындағы антимонополиялық қызметтің мәліметтеріне сәйкес, үстіміздегі жылдың бірінші жартысында Қазақстаннан тоннасы 169 доллардан 500 мың тоннадан астам көлемде бидай импортталған. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда тәжік елінің Қазақстан бидайын сатып алуы шамамен 15 пайызға немесе 65 мың тоннаға артып отыр.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кафедра меңгерушісі

e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Инфляцияны күткен күн

Қытымыр қыстан қысылып шыққан қаймана жұрт жаздың жадыраған күндерін тағатсыздана тосады ғой. Мамырға тұяқ іліктірген көпшілік маусым- шілде басталысымен сарылып күткен кезекті еңбек демалыстарына шығар-шықпастан жылы теңіз жағалауларына жолдама алып, қапырық ауалы қаладан ұзағырақ кетуге тырысады. Жаппай демалыстағы елдің қыруар қаржысы ақша нарығына ағылады, әлбетте. Сөйтіп, жағасы жайлаудағы жұрты жаздың займашуақ күндерімен бірге инфляцияның тосып тұратыны бүгінде күнделікті құбылысқа айналды.

Сонымен, статистика деректері бойынша 2018 жылғы маусымда инфляция 0,2 пайыз, жылдың басынан бері 2,6 пайыз болған. Жылдық инфляция 5,9 пайыз деңгейінде қалыптасып, 2018 жылдың соңында Ұлттық банктің 5-7 пайыз нысаналы дәлізінің ішінде тұр. Инфляцияның құрылымында жылдық көрсеткіш бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы 8,4 пайызға, азық-түлік тауарлары және ақылы қызмет көрсету тиісінше 4,2 пайызға және 5,5 пайызға өсті. 2018 жылғы маусымда халықтың инфляциялық күтулері өзгерген жоқ. Пікіртерім нәтижелері бойынша инфляцияны бір жылдан кейін күтілетін сандық бағалау 6,0 пайыз болды. 2018 жылғы маусымдағы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары 2018 жылғы маусымда алдын ала деректер бойынша 30,6 млрд АҚШ долларына дейін 0,5 пайызға немесе 157,2 млн АҚШ долларына төмендеді. Жалпы алғанда елдің халықаралық резервтері ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері – 58,1 млрд АҚШ долларын қоса алғанда, 2018 жылғы маусымның соңында 88,7 млрд АҚШ доллары болды. Үкімет шоттарына валютаның түсуі және банктердің Ұлттық банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюы қор активтерін толықтыру, үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен бейтараптандырылды. Ақша базасы маусымда 19,8 пайызға кеңейді және 5 734,2 млрд теңге болып, жыл басынан бері 3,5 пайызға немесе 195,4 млрд теңгеге кеңейді.

Екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 5 015,2 млрд теңгеге дейін 11,2 пайызға кеңейді. Маусымдағы ақша массасы алдын ала деректер бойынша 3,9 пайызға ұлғайып, 19 908,2 млрд теңге болды, айналыстағы қолма-қол ақша 2 059,0 млрд теңгеге дейін 6,1пайызға ұлғайды. Ұлттық банктің ақшақредит саясаты сақталды. 2018 жылғы маусымның соңында айналыстағы ноттардың көлемі бір айда 9,1 пайызға төмендеп, 3 648,3 млрд теңгені құрады. Бейрезидент банктердегі айналыстағы ноттардың көлемі маусымның соңында 240,1 млрд теңгені немесе айналыстағы ноттардың жалпы көлемінің 6,3 пайызын құрады. Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының көлемі 2018 жылғы маусымда 4 797,7 млрд теңге болды. 28 аукцион, оның ішінде 3 792,6 млрд теңге сомаға 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 21 аукцион, 864,6 млрд теңге сомаға 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 4 аукцион, 29,4 млрд теңге сомаға 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион, 53,0 млрд теңге сомаға 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион және 58,0 млрд теңге сомаға 1 жылдық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион өткізілді. Ұлттық банктің қысқа мерзімді ноттарын өтеу көлемі 2018 жылғы маусымда 5 190,0 млрд теңгені құрады. Сонымен бір мезгілде осыған ұқсас деңгейге дейін ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі төменделді. Орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 8,14 пайыз, 1 айлық ноттар бойынша 8,25 пайыз, 3 айлық ноттар бойынша 8,29 пайыз, 6 айлық ноттар және 1 жылдық ноттар бойынша 8,22 пайыз болды. Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2018 жылғы маусымның соңында 6 937,5 млрд теңге болды. Бұл ретте кірістілік қисығының қысқа мерзімді және орта мерзімді секторларының бойымен төмендеуі және оның нысанының біртіндеп қалпына келуі жалғасуда.

2018 жылғы маусымдағы валюта нарығы 2018 жылғы маусымда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 330,73-341,31 теңге ауқымында өзгерді. 2018 жылғы маусымның соңында теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір айда 3,6 пайызға әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 341,08 теңге болды. 2018 жылғы маусымда теңге – доллар валюталық жұбы бойынша операциялардың жалпы көлемі 16,9 млрд АҚШ доллары, оның ішінде Қазақстан қор биржасындағы биржалық саудасаттықтардың көлемі 3,0 млрд АҚШ доллары, биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 13,9 млрд АҚШ доллары болды. Бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеумен байланысты операцияларының көлемі өткен аймен салыстырғанда 10,5 пайызға ұлғайып, 9,0 млрд АҚШ доллары құрады. Бұл ретте, олардың биржадан тыс сауда-саттықтардың жалпы көлемінен үлесі 65,1 пайызды құрады. Аталған операция ішкі валюта нарығындағы шетелдік валютаға сұраныс немесе ұсыныс көлеміне әсер етпейді. 2018 жылғы маусымда халық нетто-негізде 159,3 млрд теңгеге балама сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды.

НАРЫҚ: ШОЛУ

Теңге құнсыздануының бағаға әсері

Шілде айының қорытындысы бойынша инфляция деңгейі бір айда 0,1%-ды құрады. Жылдың басына шаққанда бұл көрсеткіш 2,7%-ға жеткен (бұдан бір жыл бұрыны сәйкес кезеңдегі 3,8%-ға қарағанда), жылға жылды шаққанда – 5,9% (бір жыл бұрыны 7,1%-ға қарағанда) құрапты, дейді www.kursiv.kz сайтынан.

ИСА ҚАМБАР

Айта кету керек, инфляция деңгейі, теңгенің кезекті құнсыздануына қарамастан басқарушы белгілеген (осы жылға 5-7%), дәлізде қалып отыр: мәселен, ұлттық валюта американдық долларға қарағанда шілдеде 2,4%-ға, ал одан бұрынырақ, маусымда – мамыр айына қарағанда 2,4% арзандап кеткен.

Бағалардың өсуін бәрінен бұрын Атырау облысының халқы (бір айда бірден +0,5%-ға), сондай-ақ олардың құдай қосқан мұнайлы «көршілері» Маңғыстау облысы мен Астана қаласының (маусымға қарағанда +0,4%) тұрғындары сезінкіреген екен (1-инфографика).

Мұндайда «шикізаттық қарғыс» ұғымы еріксіз еске түседі. Мұнайдың үстінде отырып, инфляцияға душар болған, онсыз да қуаң далада ғұмыр кешкен тұрғындар үшін аса ауыры азық-түлік қымбатшылығы екенін де айта кету парызымыз.

Сөзге орай, өткен айда азық-түліктік тауарлардың бағасы тіпті 0,4%-ға түсіп кеткен. Керісінше, азық-түліктік еместердің бағасы 0,4%-,а өскен.

Сондай-ақ маусымда ақылы қызметтер құны да 0,5%-ға қымбатталған (2-инфографика).

Астанадағы қымбатшылыққа көндігіп кеткен басты қала халқы азық-түлік арзандауына ешқашан илана қоймас-ау. Әйтсе де, әсіресе соңғы жылдары қолға алынған облыстардан сенбі-жексенбіде арнайы жәрмеңкелер ұйымдастыру өз нәтижесін беріп келеді.

4-5 тамыз күндері Астана қаласындағы «Қазақстан» СК алаңында өткен ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмежәрмеңкесіне Жамбыл облысы мен Тараз қаласының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері жәрмеңкеде жалпы құны 121,6 млн теңгені құрайтын 365,7 тонна ауыл шаруашылығы тауарларын ұсынды. Атап айтқанда олар 30 тонна ет (жылқы, сиыр, қой және тауық еті), 19 тонна сүт өнімдері, 5 тонна шұжық өнімдері, 5 мың дана жұмыртқа, 5 тонна қарақұмық, 5 тонна күріш, 20 тонна қант, 6 тонна өсімдік майы, 5 тонна балық, 2,5 тонна бал, 1,5 тонна кондитерлік өнімдер мен 2 тонна макарон өнімдері, 0,5 тонна тұз, 2 тонна кептірілген жеміс және 257,2 тонна жеміс-жидек пен көкөніс өнімдерін астаналықтарға ұсынды.

Үкіметтегі өткен айдағы мәжілісте ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов «Ресми статистика мәліметтері бойынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы жыл басына қарағанда маусымның соңындағы (мәдениет пен демалыс салаларында бағалар өсімі маусым айында бірден 0,8%-ды құрған) қымбаттаған (3-инфографика).

1-инфографикаға

Инфляция деңгейі. Шілде (%)

Облыстар	2018 бір ай	2018 жыл басынан бері	2018 бір жыл	2017 бір ай	2017 жыл басынан бері	2017 бір жыл
Қазақстан	0,1%	2,7%	5,9%	0,1%	3,8%	7,1%
Ақтөбе	0,0%	2,7%	6,5%	0,3%	3,2%	7,5%
Ақмола	0,0%	2,6%	4,9%	0,2%	4,0%	6,1%
Алматы обл	0,1%	2,6%	6,2%	-0,2%	3,0%	6,4%
Алматы	0,0%	2,4%	5,8%	0,0%	3,6%	7,2%
Астана	0,4%	3,3%	6,9%	0,4%	3,8%	8,2%
Атырау	0,5%	3,6%	5,9%	0,6%	4,9%	8,5%
Шығыс Қазақстан	0,2%	2,6%	5,5%	0,2%	4,2%	6,9%
Жамбыл	0,0%	2,4%	5,3%	0,5%	4,2%	7,6%
Батыс Қазақстан	0,0%	2,5%	5,8%	0,3%	3,3%	6,2%
Қарағанды	0,2%	2,7%	5,6%	-0,3%	4,0%	5,9%
Қостанай	0,0%	2,6%	5,4%	0,0%	4,1%	7,9%
Қызылорда	0,0%	3,1%	6,7%	0,0%	3,0%	6,8%
Маңғыстау	0,4%	3,5%	7,0%	0,6%	3,6%	6,7%
Павлодар	0,2%	3,0%	5,5%	0,2%	5,2%	8,1%
Солтүстік Қазақстан	0,0%	3,2%	5,1%	0,3%	5,1%	8,7%
Түркістан	-0,2%	2,3%	5,7%	-	-	-
Шымкент	0,0%	2,6%	6,0%	-	-	-

Ақпарат көзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті Finprom.kz

2-инфографикаға

Тұтынушылық бағалар индексі. Шілде (%)

	2018 бір ай	2018 жыл басынан бері	2018 бір жыл	2017 бір ай	2017 жыл басынан бері	2017 бір жыл
тауарлар мен қызметтер	100,1%	102,7%	105,9%	100,1%	103,8%	107,1%
азық-түліктік	99,6%	102,5%	104,4%	99,5%	104,6%	108,6%
азық-түліктік емес	100,4%	103,0%	108,4%	100,4%	103,5%	107,7%
ақылы қызметтер	100,5%	102,8%	105,4%	100,5%	103,3%	104,7%

Ақпарат көзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті Finprom.kz

3-инфографикаға

Тұтынушылық бағалар индексі. Шілде (%)

	2018 бір ай	2018 жыл басынан бері	2017 жыл басынан бері	2017 бір ай
Тағамдар мен алкогольсіз сусындар	99,5%	102,2%	99,4%	104,5%
Алкогольдік сусындар мен темекі	101,8%	107,4%	100,8%	105,5%
Киім-кешек және аяқ киімдер	100,6%	103,7%	100,6%	103,2%
Тұрғын үй қызметі, су, электр энергиясы, газ және басқа отын	100,3%	102,6%	100,5%	104,2%
Үй тұрмысының заттары	100,4%	103,1%	100,3%	103,1%
Денсаулық сақтау	100,4%	104,0%	100,2%	104,3%
Көлік	100,5%	102,4%	100,8%	104,2%
Байланыс	100,7%	102,5%	100,0%	100,3%
Демалыс және мәдениет	100,8%	102,6%	100,6%	103,3%
Білім беру	100,0%	101,7%	100,0%	101,4%
Мейрамханалар мен қонақ үйлер	100,4%	102,0%	100,1%	102,6%
Түрлі тауарлар мен қызметтер	100,4%	103,2%	100,2%	102,7%

Ақпарат көзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті Finprom.kz

Шолуымызға қайта оралсақ, азық-түлік сараланымына кіретін темекі бұйымдары мен алкоголь (өткен айда +1,8%-ға) қымбаттап кеткен, ал жалпы азық-түлік тағамдары мен алкогольдік емес сусындар, керісінше, маусымға қарағанда құны 0,5%-ға төмендеген.

Азық-түліктік емес тауарлар саласында киім-кешек пен аяқ киім бағалары (бір айда 0,6%-ға) айтарлықтай өсіп кеткен.

Қызмет түрлерінен бәрінен бұрын байланыс (өткен айда +0,7%-ға) пен ойын-сауыққа жағдай бойынша 7%-ға ұлғайды, азық-түлік тауарлары бойынша инфляция деңгейінен 1,4 есе асып тұр. Ағымдағы жылдың маусымында инфляция жыл басынан 3,7% құрады», – деп ашығын айтқан еді.

Демек, теңге құнсыздануы бағаларға, оның ішінде азық-түлікке де айтарлықтай әсер етіп отырғаны құзырлы органдар үшін әбден аян. Яғни халықтың инфляцияны ауыздықтауға Үкімет тарапынан нақты шаралар қолдануын талап етуі де орынды ұсыныс деп біледі.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

27 шілде-3 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

2018 жылғы 3 тамыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 1%-ға әлсіреп (346,15-тен), 349,76 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 27 шілде мен 3 тамыз аралығында маңызды оқиғалар президент Д.Трамптың әкімшілігі құны 200 млрд АҚШ доллары болатын қытай тауарларының импортына баждарды 10%-дан 25%-ға дейін ықтимал ұлғайтуы туралы мәлімдемесі, жұмыссыздық және АҚШ-тың ауыл шаруашылығына жатпайтын секторындағы жұмыс орындарының саны бойынша деректерді жариялау, экономиканың жағдайы туралы позитивті түсініктемелер жағдайында АҚШ ФРЖ-нің ағымдағы мөлшерлемелерді сақтауы, Англия Банкінің негізгі мөлшерлемені 0,75%-ға дейін көтеруі туралы шешімі, Жапония Банкінің ұзақ мерзімді мөлшерлемелерді белгілеуде барынша икемділікті ұстануы болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда біршама нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының** АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

• Түрік лирасы АҚШ-тың Қаржымині екі түрік министріне қатысты санкциялар енгізгеннен кейін бір апта ішінде рекордтық 4,7%-ға дейін (4,85-тен 5,08-ға дейін) әлсіреуін жалғастырды. Бұл ретте Түрік билігі оған жауап беру шараларын енгізуге уәде берді, ол екі ел арасындағы қарым-қатынастардың ушығуына әкелуі мүмкін.

• Ресей рублі Ресейге қарсы жаңа санкциялар енгізу қауіпі аясында 2,6%-ға (62,71-ден 64,31-ге дейін) әлсіреді. «Американдық қауіпсіздікті Кремль агрессиясынан қорғау» заң жобасы АҚШ Конгресіне қарауға енгізілді;

• Оңтүстік Африка рэнді Африканың басқарушы ұлттық конгрессі парламентке түзету енгізетіні жөнінде мәлімдеменің аясында 1,1%-ға (13,17-ден 13,32-ге дейін) әлсіреді, оған сәйкес фермерлердің жерлері өтемақысыз тәркіленетін болады;

• Индонезия рупиясы 0,6%-ға (14 417-ден 14 498-ге дейін) біраз әлсіреді;

• Бразилия реалы бір апта ішінде айтарлықтай өзгеріс көрсеткен жоқ және бір АҚШ доллары үшін 3,71 реал деңгейінде сауда-ланды;

• Үндістан рупиясы 0,1%-ға (68,66-дан 68,62-ге дейін) нығайды;

• Мексика песосы елдің Орталық банкінің негізгі мөлшерлемені бұрынғы деңгейде сақтау туралы шешімі және инфляцияның өсуі уақытша сипатта екені жөніндегі түсініктемелері аясында 0,4%-ға (18,63-тен 18,56-ға дейін) нығайды.

*шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды.

**АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

PATH TO RENEWAL

A fascinating paradox in the Kazakhstani leader's biography

The TV and radio complex of Kazakhstan's presidency published an extract from an interview with President Nursultan Nazarbayev where he talked about his own understanding of the term "power" in a strict sense, denoting "privilege of being entrusted with authority to govern".

AZIZ AYHAN

The TV and radio complex of Kazakhstan's presidency published an extract from an interview with President Nursultan Nazarbayev where he talked about his own understanding of the term "power" in a strict sense, denoting "privilege of being entrusted with authority to govern".

"I guess it's just hard to define it in one single word. Before me, a lot of wise people expressed their opinions about what real power is? They said that power was evil. Money does also not bring happiness. Therefore, it would be best to escape from that burden and live the life of a commoner. The real source of happiness, they say, lies in there. But we the people, who are privileged or happened to be leaders and hold the power, need to think differently about it. Power is, first and foremost, the responsibility. It has to be pointed out that the higher the post, the more the responsibilities which you assume", he said.

Nursultan Nazarbayev has ruled Kazakhstan for nearly three decades, since the late 1980s, although even in 1992, when the first year of independence was going on, it was often suggested that his term in office wouldn't last long. That kind of speculation had been based on the perception that domestic public opinion continued to consider the legitimacy of his administration to have been derived from the blessing of the former USSR leadership in Moscow. Those holding such a view said that the power would seriously oppose him, has shown up over the past 28 years.

A fascinating paradox can be found in the biography of Nursultan Nazarbayev. While making the first steps into adulthood, he obviously wasn't thinking of pursuing a career not only in management, but also even in creativity and cultural fields, science or office sector. In one word, this native of South Kazakhstan wasn't even planning to become a white collar. He went contrary to the ideals of all ambitious young Kazakhstanis. Hundreds, thousands of young men and girls from all over the Kazakh Soviet Socialist Republic flocked to Almaty in order to enter higher education institutions or universities with the aim of getting a shot at being somebody. It's called "adam bolu" in Kazakh ("to be good citizens" or "to make yourself worthy"). Whereas Nursultan Nazarbayev went from Almaty suburbs to distant lands with a view to becoming a smelting plant worker.

It is worth mentioning that at that time such a choice might be interpreted as unwillingness to write one's own ticket, and come up in the world. Some would also think that this young man could have decided to gain working experience first. You must agree, however, that a metallurgy plant job in the smelting industry is not at all suitable for such purposes.

In short, available evidence shows that Nursultan Nazarbayev opted to go the way of the working man. Yet it was fate or destiny that brought him to the very top of power. That's just the point where the mystery of Nazarbayev's phenomenal success story lies.

It is called the irony of fate in Western languages, including Russian and English. Or what usually our people say in this case: "Zhugirgen almaidy - buyrgan alady" – "The prize is not given to the one who seeks to reach it, but to the one who is destined to get it". In other words, everyone has his own way, and anyone can't cheat fate.

The fact that Nursultan Nazarbayev has remained in office until now with no real opponents gives the impression about Kazakhstan's particular need for his leading role in establishing its statehood and in paving our nation's way forward. The country has come a long way with him since the collapse of the Soviet Union. Turns out he has proved to be the most suitable person for that particular position. And you may call it fortune. But, as the saying goes, destiny isn't a matter of chance, but of choice.

MILITARY REFORMS

N.Nazarbayev: Our armed forces should keep pace with the times

Recently President Nursultan Nazarbayev replaced the leadership of the Defense Ministry. This change at the helm of Kazakhstan's armed forces appeared to be somewhat surprising in the light of the current developments. Cabinet reshuffle - even a minor one - was not expected to be undertaken until the fall.

DANISH AZIM

But what happened did happen. This new appointment means a minor cabinet reshuffle.

The presidential press service said on August 7 that Nursultan Nazarbayev appointed Nurlan Ermekbayev to replace Saken Zhasuzaqov, who had served since September 2016. That is the fourth change in leadership of the Defense Ministry in less than four years. So, two former Prime Ministers had held one after the other the office of Minister of the Defense before Saken Zhasuzaqov came over there a little less than two years ago. We mean Serik Akhmetov and Imangali Tasmagambetov. And President Nursultan Nazarbayev has removed the former one after only six months in service at the helm of Kazakhstan's armed forces. The latter made it farther than fellow ex PM. He held office almost as long as Saken Zhasuzaqov did.

And the Defense Ministry now had a new chief. Nurlan Ermekbayev, 55, served as presidential aide and Security Council secretary since April. Before that he held the position of Minister for religious and civil society issues. In the past, Nurlan Ermekbayev who speaks Kazakh, English, Russian, Chinese, and Portuguese served as Kazakhstan's ambassador to China and North Korea.

Akorda.kz, in a report titled, "Совещание с руководящим составом министерства обороны Республики Казахстан" - "Meeting with the leadership of the Ministry of Defense of the Republic of Kazakhstan", said: "During the meeting, Nursultan Nazarbayev noted that the armed forces of Kazakhstan with substantial military assets, thanks to the efforts of the State and military personnel, have been providing safe and reliable support to enhance the independence of our country for over 25 years.

"Much has been done in recent years to develop the armed forces. A number of important strategic documents were adopted. They include the National Security Strategy, the Military Doctrine of the Republic of Kazakhstan, the Concept for the Development of the Armed Forces, as well as regulatory and legal instruments to be applied in the area of defense", the head of state said.

The President of Kazakhstan pointed out that one of the main tasks of the Defense Ministry is technological upgrading and modernization of weapons given changes in the geopolitical situation and need to counter the new challenges.

"Therefore, I decided to appoint a civilian - Aide to the President–Secretary of the Security Council, Nurlan Baiuzakovich Yermekbayev - as the new Defense Minister. It must also be noted that N. Yermekbayev is a career officer with military experience including missions in several trouble spots. He served as an assistant (to the President) for international affairs, Kazakhstan's ambassador to the People's Republic of China and several Southeast Asian countries, minister, was twice reappointed to the job of Secretary of the Security Council", Nursultan Nazarbayev said.

The head of state stressed the need to improve the training of military personnel taking into account modern requirements.

"I wish to thank Colonel General Saken Adilkhanovich Zhasuzakov for his invaluable service, and I entrust him with the responsibility of heading the National Defense University. The university is faced with the enormous tasks flowing from the need to upgrade the skills of the command staff of the Kazakhstani armed forces and to develop military science. It should develop into the main scientific and educational center that would give training to students not only from our country, but also from neighboring States", the President of Kazakhstan said.

In conclusion, Nursultan Nazarbayev gave a number of specific instructions on the further development of the country's armed forces".

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЖАҢҒЫРТУ

ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ЖОБА: АҚТАУ ГАЗ-ХИМИЯ КЕШЕНІ

Қытай компаниясы Ақтауда салынатын газ-химия кешені құрылысын қаржыландырады. Жобаға 1 трлн теңгеден астам қаржы жұмсалады.

«ҚазАзот» АҚ мен қытайдың Inner Mongolia Berun Holding Group Co. Ltd компаниясы Маңғыстау облысында газ-химия кешенін жаңғырту жобасын қолға алды. Облыс әкімінің орынбасары Шолпан Ілмұханбетованың айтуынша, «ҚазАзот» пен аталған қытай компаниясы құратын бірлескен кәсіпорын аясында метанол, азот тыңайтқыштары және олефиндер өндірісі жұмыс істейтін болады. Жобаның алғашқы кезеңін биыл екінші жартыжылдықта іске қосу жоспарланған.

Газ-химия кешені – бұл толығымен жаңартылып, жаңғыртылған «ҚазАзот» өндірісі. Кешен құрылысы үш кезеңмен жүзеге асырылады. Бірінші кезекте жылына сәйкесінше 400 мың және 600 мың тонна өнім шығаратын метанол мен азот тыңайтқыштары өндірісі, сондай-ақ қуаттылығы 300 МВт электр энергиясын өндіруге жететін газ электр станциясы салынады. Екінші кезекте әрқайсысының өнімділігі жылына 600 мың тонна болатын тағы осындай қондырғылар тұрғызылмақ. Үшінші кезекте олефиндер өндірісі іске қосылады. Оған шикізат ретінде алғашқы екі кезекте өндірілетін метанол пайдаланылады. «Қазірде Қытай компаниясы барлық қажетті құжаттаманы әзірлеп болды. Құрылыстың бірінші кезеңі биыл басталады. Бұл – бүкіл кешенді толықтай жаңғыртып, жаңарту көзделген ұзақмерзімді жоба. Оның іске асырылуының нәтижесінде өндіріс көлемі ұлғаяды, нарыққа жаңа өнім түрлері шығарылады», – дейді Ш.Ілмұханбетова.

Жобадағы қазақстандық тараптың қатысу үлесі 39%, қытай тарапы – 61%.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ

87 НЫСАН САУДАҒА ШЫҒАРЫЛАДЫ

Жекешелендіру жоспарына сәйкес, биылғы жылдың соңына дейін 87 нысан сатуға шығарылады.

Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының міндетін атқарушы Ғалымжан Ыбырайымов атап өткендей, биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша, жекешелендірудің кешенді жоспарындағы 887 нысанның 502-сі саудаға шығарылып, оның 421-і сатылған. Олардың құны 216 млрд теңгені құрады. «Сонымен бірге, кешенді жоспардағы 63 топ нысанының 15-сі 110,5 млрд теңгеге сатылды. Оның екеуі республикалық меншіктің, 13-і – ұлттық холдингтердің меншігі болатын», – деді ол.

Биыл алғашқы жартыжылдықта 104 нысанды саудаға шығару жоспарланған болса, іс жүзінде 89 нысан сатуға қойылып, 15 нысан бойынша қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылданды. Саудаға қойылған нысандардың ішінде 39-ы 36 млрд теңгеге сатылды. Жекешелендіру үрдісі сату кестесіне сәйкес жүргізіліп отырғанын айта келіп, Ғалымжан Ыбырайымов биыл жылдың соңына дейін 87 нысан саудаға шығарылатынын атап өтті. Оның ішінде 20 нысан республикалық меншікте, 31 – коммуналдық меншікте, сондай-ақ квазимемлекеттік секторда 36 актив бар.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ТЕКЕЛІГЕ ГАЗ КЕЛДІ

«Талдықорған – Текелі» магистралды газ құбырының құрылысы жоспарлы мерзімінен бұрын аяқталды.

Жобаға бір жарым миллиард теңгеге жуық қаржы жұмсалды. Газ құбырының құрылысы кезінде Текеліге жақын орналасқан Шымыр, Байысов, Ешкіөлмес, Абай, Өрқусақ, Жетісу, Екпінді, Сырымбет ауылдарына да көгілдір отын желісі тартылды. Құрылысы өткен жылдың қазан айында басталған газ құбырын биыл қазанда пайдалануға беру белгіленгенімен, жұмыс мерзімнен үш ай бұрын аяқталды. Бұл күнде іске қосуға толық дайын магистралды құбыр жоспарға сай сағатына 43,7 мың текше метр газ өткізе алады. Бұл Текелі қаласындағы тұрғын үйлер мен өндіріс орындарын көгілдір отынмен қамтамасыз етуге толық жеткілікті.

Қазіргі күні қала көшелері мен жақын жатқан елді мекендерге газ құбырын тарту жұмыстары жүргізілуде. Жобаны газ құбыры мен оған тиесілі инфрақұрылымдардың құрылысына жауапты мердігер компания – «АқниетГрупп» ЖШС жүзеге асыруда.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

МӘДЕНИЕТ&SPORT

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

LeroyMerlin – Қазақстан нарығында

Бір ғасырға жуық тарихы бар әйгілі француздық «LeroyMerlin» сауда желісінің еліміздегі алғашқы дүкені Жетісу өңірінде ашылды.

БЕКЕТ КӨКЕНАЙҰЛЫ

Алматы облысының Қарасай ауданында француздық танымал сауда желісінің «LeroyMerlin» гипермаркеті ашылды. Сауда үйінің ашылу салтанатына Францияның Қазақстандағы елшісі Филипп Мартини, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов және бизнес өкілдері қатысты.

Салтанатты рәсімде сөз алған облыс басшысы А.Баталов әлемдік деңгейдегі үлкен желінің Алматы облысынан ашылуы жетісушылықтар үшін қуанышты оқиға екенін атап өтті.

– Жетісу өңірінде ашылған ірі гипермаркет жобасы арқылы облысымызға 6 миллиард теңге инвестиция тартылып отыр. Биылдан бастап Елбасының бес әлеуметтік бастамасының бірінші бағыты – «7.20.25» бағдарламасы бойынша тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілетін болады. Сол үйлердің құрылысына, әрлеу жұмыстарына қажетті материалдардың барлығы осы сауда желісінің сөрелерінен табылатынына сенімдімін. Компания жетекшілері қазірдің өзінде отандық 40 тауар өндірушімен келісіммарт жасасып үлгеріпті. Соған сәйкес осы сауда орны арқылы зауыттардан тікелей тұтынушыға жеткізілетін тауар бағасының да қолжетімді болмағы – жұртшылық көңілінен шығатын құптарлық іс. Біз өз тарапымыздан бизнесті дамытуға барынша қолдау көрсете береміз және тәуелсіз жас мемлекетіміздің экономикасын бірге көтереміз, – деді Амандық Баталов.

Облыс басшысы сөзін түйіндей келіп, осынау игі іске мұрындық болған елші мырзаға, компания басшылығына ризашылығын білдірді.

Былтыр Қазақстан мен Франция арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 25 жыл толды. Ал 2008 жылы біздің еліміз Орталық Азияда алғаш болып Франциямен стратегиялық ынтымақтастыққа жол ашқан еді. Бүгінде екі ел арасында сауда-экономикалық және мәдени тұрғыдағы іскерлік байланыстар серпінді даму үстінде.

Өз кезегінде Францияның Қазақстандағы елшісі Филипп Мартини биыл екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікке 10 жыл толғанын, екіжақты тиімді әріптестіктің нәтижелі екенін атап өтті. Соның бір көрінісі – осы мерейтойлы жылда әйгілі француз сауда брендінің Қазақстан нарығына қадам басуы. Елшінің айтуынша, «LeroyMerlin» гипермаркеттер желісінің жұмыс істеп келе жатқанына бір ғасыр толатын 2023 жылға дейін Қазақстанда аталмыш сауда үйлерінің саны үшке жететін болады.

Құрылысқа арналған керек-жарақ сатумен танымал «LeroyMerlin» сауда компаниясының дүкендері жер шарының түкір-түкпірінде ашылған. Бүгінге дейін әлемнің Түркия, Греция, Бразилия, Италия, Польша, Португалия, Испания, Қытай, Ресей, Украина сияқты 12 мемлекетінде жұмыс істейтін әйгілі француз сауда брендінің тұтынушылары қатарына енді қазақстандықтар да қосылды.

Жетісу өңірінде ашылған «LeroyMerlin» гипермаркеті – бұл әлемге танымал француздық брендтің Қазақстанда ғана емес, Орта Азиядағы тұңғыш сауда үйі. Гипермаркеттің аумағы 10 500 шаршы метр жерді алып жатыр. Мұнда тұтынушыға құрылыс және әрлеу жұмыстарына қажетті материалдар мен тауарлардың 30 мыңнан астам түрі ұсынылады. Сауда үйінің жанында 700 орындық автокөлік тұрағы бар. Ауқымды жобаның іске қосылуы өңірдегі жұмыссыздықтың азая түсуіне де ықпал етері сөзсіз. Қазіргі күні мұнда 370 адам жұмыспен қамтылып отыр.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

Медиация институты жанданып келеді

Даулы мәселелерді шешу кезінде татуласу үрдістерін кеңінен қолдану – Елбасы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында алға қойған маңызды міндеттердің бірі. Бейтарап тұлға – медиатордың немесе сот медиациясының қатысуымен шиеленуші тараптарды ерікті келіссөз жолы арқылы татуластыру әдісі уақыт ағымымен бірге өз тиімділігін дәлелдей түсуде.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Медиация – даулар-ды шешудің баламалы түрі және ең танымал формасы болып табылады. Дамыған мемлекеттердің статистикасы медиация үрдісінің 83-85%-і тиімді екендігін көрсетті. Сонымен қатар медиация – азаматтық қоғамның негізі, демократия мен жаһанданудың жолы деген пікір қалыптасқан. Медиацияны дамыту орталығының мәліметтері бойынша Қазақстанда 2018-ге жуық медиатор 24 147 дауды шешкен. Бүгінгі таңда құқықтық саланы жақсарту жөніндегі қадамдарды жүзеге асыру, Азаматтық іс жүргізу кодексінде мазмұндалған дауларды шешудің баламаларын енгізу мақсатында судьялар назары татуластыру процедураларын кеңінен қолдануға аударылып отыр.

Елімізде жыл сайын 5 тамызда Медиация күні аталып өтеді. Осы датаға орай, Қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің бастамасымен және Жоғарғы сотпен бірлесе, Ұлттық академиялық кітапханада медиация мәселелері бойынша қоғамдастық пен мемлекеттің өзара іс-қимылын жақсарту мақсатында «Қазақстандағы медиация: жағдайы мен болашағы» атты диалог алаңы ұйымдастырылды. Оның жұмысына мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Талқылау барысында медиацияны және өзге татуласу үрдістерін дамыту, Қазақстанда медиацияны қолданудың тәжірибесі, мектептегі дедалдық және медиацияны кәсіподақтар ұйымдары және басқаларының жұмысында қолдану мәселелері қозғалды. Диалог алаңының модераторы ҚДМ Азаматтық қоғам істері комитетінің төрайымы Әлия Ғалымова өз сөзінде медиацияны әлеуметтік өмір механизмдеріне енгізу азаматтық қоғам институттарының дамуына әсер ететінін атап өтті.

Дөңгелек үстелдің нәтижесі бойынша жиналғандар медиацияны дамытуға қатысты бірқатар ұсыныстар айтты. Жалпылай алғанда, ұсыныстар заңнама базасын жетілдіру, медиация орталықтарын құру, азаматтық қоғам институттарын тартумен ақпараттық-насихаттау жұмысын жүргізу мәселелерін қамтыды.

Сонымен қатар медиацияны және өзге де татуластыру үрдістерін қолдану арқылы қоғамдағы шиеленіс деңгейін төмендету мақсатында Қоғамдық даму министрлігі мен Жоғарғы сот ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қоймақ.

БАҒДАР

Автокөлікті дамыту – экономиканың гүлденуі

Алматыдағы «Барыс» автокөлік базарында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мамандары қызмет көрсетті. Енді осы айда әр демалыс сайынАлматы қалалық мамандандырылған ХҚО қызметкерлері автобазарларда жұмыс істеуіне болады.

НҰРЛАН ҚҰМАР

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында халықтың цифрлық сауаттылығын көтеру, мамандандырылған ХҚО-лардағы жүктемені төмендету, автокөлік иелерінің кезегін азайту мақсатында жүзеге асып жатқан іс-шара барысында мамандар азаматтарды электрондық үкімет порталы арқылы өз бетінше қызмет алуға үйретеді.

«Бүгінгі таңда Алматы қаласының автобазарларында күніне 5 мың көліктің сату-сатып алу үдерісі жүріп, дүйсенбі күні мамандандырылған ХҚО-ға адамдар ағылады. Ал кейбір азаматтар сол жерде жүретін алаяқтарға алданып, делдалдарға жем болып жатады. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін автобазарда көшпелі қызмет көрсету секторын орналастырдық. Егер осы

бастамамыз оң нәтиже беріп жатса, алдағы уақытта да сенбі-жексенбі күндері МХҚО мамандары осында қызмет көрсететін болады», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы бойынша филиалының PR-менеджері Жаңыл Әпетова.

«Барыс» автобазарында орналасқан көшпелі автоХҚО мамандары автокөлік иелеріне ЭЦҚ жазып алу, мобильді үкіметке тіркелу, айыппұл, салық берешектерін тексеру және төлемдер жасау, «Жүргізуші куәлігін онлайн алу», «Көлік құралын онлайн тіркеу» мемлекеттік қызметтерін алу процестерін үйретіп, осы қызмет түрлеріне МХҚО-ға бармай-ақ қол жеткізуге көмектесті.

Барлық автокөлік иелеріне мемлекеттік қызмет алу бойынша ақпараттық парақшалар таратылды. Корпорация мамандары шара барысында халыққа ақпарат таратушы БАҚ өкілдеріне автокөлік иелерінің игілігі үшін жасалған жаңашылдықтартуралы айтып, онлайн қызметтерді алу жолдарын кезең-кезеңімен түсіндіріп, цифрлық қызметтердің артықшылықтарын көрсетті.

СӘТ САПАР!

Шетелге тур-кодпен шығыңыз

Былтырдан бастап қазақстандық саяхатшыларға шетелге тур-кодпен шығуға кеңес беріледі. Арнайы құрылған «Туристік қамқор» корпоративтік қоры шетелде күтпеген жағдайға тап болған сәтте отандастарын тез арада елге оралтуды көздейді.

ЖІБЕК НҰРТАЙҚЫЗЫ

Ең алдымен бұл ала-қол қызмет жасайтын турфирмалардың кесірінен зардап шеккендерге қатысты. Тур-код кез келген жағдайда сізді өз елінізге жақын арадағы рейспен оралуыңызға кепіл болады.

Қор туроператорға туристік кодты бір турист үшін көлемі – 1 АЕК, яғни 1202 теңге (Бұл соманы турист үшін туроператор өзі төлейді) жарна мен 12 млн мен 36 млн теңге аралығындағы банктік кепілдемелер төленгеннен кейін береді.

Бүгінгі таңда «Туристік қамқор» қорының құрамына 56 туроператор мүшелікке енген. Олардың тізімімен fondkamkor.kz сайтында танысуға болады. Алайда Қазақстанда шетелге шығумен айналысатын ұзын саны 140 компания қызмет етеді. Яғни, қалған жетпістен астам туроператор қауіп-қатерге бас тіге отырып жасырын түрде қызмет көрсетуде деген сөз. Ондай жағдайда шетелде демалыста жүрген отандастарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Әлі шетелге демалысқа шығып үлгермеген саяхатшыларға «Туристік қамқор» КҚ өзінің қонақ үйінің бронын тексеруін, артқа үйге қайтатын билеті төленгендігін, сондай-ақ өзінің тур-кодының бар екендігін тексеріп алуға кеңес береді. Туристік код шығатын елге қатысты 11-13 қаріптіксандық символдардан тұрады. Ол әр жолдаманы ресімдеген кезде автоматты түрде беріледі. Турист күтпеген жағдайға тап болған кезде Қормен байланысып, өзінің туркодының нөмірін хабарлайды және шұғыл түрде 24 сағаттың ішінде көмек күтуге құқылы.

Шетелдегі азаматтардың қауіпсіздігіне кепіл беру жүйесінің жұмыс істей бастаған уақытынан бастап «Туристік қамқор» корпоративтік қоры шетелге демалуға шыққан қазақстандықтарға 500 мыңға жуық тур-код берген.

Ауа-райының жағдайына сүйене отырып, қазақстандықтар үшін тамыз айында шетелдерде демалудың қолайлы орны болып келесі мемлекеттер: Крит, Кипр, Греция, Түркия, Болгария, Италия, Тунис, Мальта, Доминикан, Куба, Кариб, Хайнань аралы, Вьетнам, сонымен қатар жерорта теңізінің барлық жағалауы мен Португалия саналады.

Қыркүйек пен қазан айларында Мысыр (Египет), Канар аралдары, Израиль, БАӘ, Тайланд, Доминикан, Үндістан, Шри-Ланка, Малайзия, Сейшел, Маврикия, Мальдив аралында ойдағыдай демалуға болады.

Ал қараша-желтоқсан айларында Тайланд, БАӘ, Доминикан, Куба, Кариб, Үндістан, Малайзия, Хайнань аралы, Вьетнам, Сейшел, Маврикия, Мальдив аралдарында демалысыңызды өткізуді жоспарласаңыз болады.

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор –
Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шамшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
жарнама бөлімі 267-00-44
www.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR

Бас редактор
Ақас ТАЖУТОВ

Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы
Аманкелді ШОПАН

Бөлім редакторлары: Рымтай САҒЫНБЕКОВА, Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Исатай ҚАМБАРОВ
Беттеуші: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Астана қаласында: Толымбек Әбдірайым 8 701 345 79 38
Ақтөбе облысында: Жанғабыл Қабақбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектұр Төлеуғалиев 8 (7292) 40-41-01
Қарағанды облысында: Батырбек Мырзабеков 8 (7102) 90-19-73

Газеттің терілуі мен бет қатталуы **«Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында** жасалды. Офсеттік басылым.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛҒАНОВ Рахман
ӘБДІМАНАПОВ Сәрсенғали
ӘБІШЕВ Әли
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетісбай
ГУЗОВСКИ Петр (Польша)
ЕСПОЛОВ Тілектес
ҚАЛИЕВ Ғани
НҰРСЕЙІТ Айтқали
САҒАДИЕВ Кенжеғали
САПАРБАЕВ Әбдіжапар
САТЫБАЛДИН Сағындық
СВЯТОВ Серік
ТӨТІҒҰЛОВ Әбдісағит
ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан
ХАМЗИН Жантемір

Тапсырыс: 1226.
Таралымы: 5000.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Газет «Дәуір» РПБК ЖШС-нда басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.
Тел.: 273-12-04.

«Tenge monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-не тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Жетісқан көшесі, 175. 2-қабат. 202-бөлме (тіркеулер)
тел.: 272-87-04

219-бөлме (бас редактор)
тел.: 267-36-34
факс: 272-86-11

E-mail: kazekonomica@mail.ru
www.economkaz.kz

Нөмірдің кезекші редакторы:
Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ